ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» КУРСЫН ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР (10-11-сыныптар

Астана, 2026

«Заң мен Тәртіп» курсын оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар (10-11-сыныптар). Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2026.

Әдістемелік ұсынымдар 10–11-сыныптарда «Заң мен Тәртіп» курсын іске асыруда педагогтерге әдістемелік және практикалық қолдау көрсетуге, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын, құқықтық құзыреттілігін және жауапты азаматтық мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған. Ұсынымдарда құқықтық кейстер, зерттеу және жобалық жұмыстар, практикалық тапсырмалар, пікірталас пен модельдеу әдістері арқылы құқықтық білімді нақты өмірлік жағдаяттарда қолдануды ұйымдастыру жолдары ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2026

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті педагог!

Әдістемелік ұсынымдар жалпы орта білім беру деңгейінің 10–11-сынып білім алушыларына арналған «Заң мен Тәртіп» курсының оқу бағдарламасын іске асыруды әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу мақсатында әзірленді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында айқындалған стратегиялық бастамаларды іске асыру аясында әзірленген. Осы тұрғыдан білім алушылардың заңға құрметін қалыптастыру, құқыққа қайшы мінез-құлықты қабылдамау, белгіленген нормаларды сақтауға және басқа адамдардың құқықтарын ескеруге дайын болуын дамыту ерекше маңызға ие. Бұл міндеттер заңдылықты нығайтуды, азаматтардың құқықтық жауапкершілігін арттыруды, құқық бұзушылықтардың алдын алуды және заңға бағынатын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды көздейтін Қазақстан Республикасында Заң мен Тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасының негізгі бағыттарымен сабақтас.

10–11-сыныптарға арналған «Заң мен Тәртіп» курсы білім алушылардың құқықтық құзыреттілігін, құқыққа сай мінез-құлыққа дайындығын, қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысу дағдыларын қалыптастыруға, құқықтық жағдаяттарды зерттеуге, әлеуметтік жобалауға және құқықтық бастамаларға қатысуға бағытталған.

10–11-сыныптардағы оқу кезеңі білім алушылардың болашақ білім алу және кәсіби даму бағытын айқындайтын, дербестігі артып, еңбек, қаржылық, цифрлық, шарттық және қоғамдық қатынастарға біртіндеп араласа бастайтын маңызды есею кезеңімен сәйкес келеді. Осы кезеңде құқықтық білім беру заңнама туралы білімді кеңейтумен ғана шектелмей, жастарды құқықтық мәні бар шешімдерді өз бетінше қабылдауға дайындауы тиіс.

«Заң мен Тәртіп» курсының мақсаты – білім алушылардың құқықтық құзыреттілігін, құқыққа сай мінез-құлыққа дайындығын және қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысуын қалыптастыру, оның ішінде әлеуметтік жобалау, құқықтық жағдаяттарды зерттеу және құқықтық бастамаларға қатысу дағдыларын дамыту.

Назарларыңызға ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар 10–11-сыныптарда «Заң мен Тәртіп» курсын жоспарлау мен оқытуды практикалық тұрғыдан ұйымдастыруға арналған. Курс бойынша оқу жүктемесінің көлемі 10-сыныпта аптасына 0,5 сағатты (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағатты; 11-сыныпта аптасына 0,5 сағатты (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағатты құрайды.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» КУРСЫ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

10–11-сыныптарға арналған «Заң мен Тәртіп» курсы *практикалық-бағдарлы, зерттеушілік және жобалық бағытта* ұйымдастырылады. Курс мазмұны жоғары сынып білім алушыларының дербестігінің артуын, олардың құқықтық мәртебесінің кеңеюін және еңбек, қаржылық, цифрлық, шарттық және қоғамдық қатынастарға біртіндеп араласуын ескере отырып құрылған. Осыған байланысты курсты ұйымдастыру барысында нақты өмірлік жағдаяттарда қолдану, құқықтық тәуекелдерді бағалау, негізделген шешім қабылдау және өз құқықтары мен мүдделерін қорғаудың заңды тәсілдерін пайдалану қабілеттерін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

Курс мазмұны *құқықтық мәселелердің біртіндеп күрделенуін* көздейді. *10-сыныпта* 16–18 жас аралығындағы тұлғалардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері, мәмілелер жасау кезіндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілік, кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі қарастырылады. Цифрлық қауіпсіздік мәселелеріне, соның ішінде дропперлікке, фишинг пен вишингке, алаяқтықтан қорғану алгоритмдеріне, кибербуллинг пен жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке, авторлық құқық пен цифрлық контентті коммерциялық пайдалануға елеулі назар аударылады. Сондай-ақ цифрлық із және дербес деректерді құқықтық қорғау мәселелері жеке қарастырылады.

11-сыныпта курс мазмұны білім алушыларды кәсіби, еңбек және цифрлық қатынастарға неғұрлым дербес қатысуға даярлаумен байланысты. Кәсіби қызметтің құқықтық аспектілері, кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтары, резюме құрастыру, заң саласындағы мамандармен өзара іс-қимыл, электрондық коммерция және тұтынушылардың құқықтары, электрондық цифрлық қолтаңба, биометрия, жасанды интеллект, нейрондық желілер және авторлық құқық мәселелері қарастырылады. Компьютерлік ойындар мен цифрлық платформаларды пайдаланушылардың құқықтық мәртебесіне, оның ішінде донаттар, виртуалды мүлікті сатып алу, аккаунттарды қорғау және цифрлық ортадағы жауапкершілік мәселелеріне де ерекше назар аударылады. Курстың ерекшеліктерінің бірі – *зерттеу қызметінің енгізілуі*.

10–11- сыныптарда мектеп, елді мекен немесе өңір үшін өзекті құқықтық мәселе бойынша шағын зерттеу жүргізу көзделген. Білім алушылар мәселені таңдау, зерттеу сұрағын тұжырымдау, ақпарат жинау және талдау, қорытынды шығару, нәтижелерді рәсімдеу және таныстыру кезеңдерінен бірізді өтеді. Мұндай формат дайын жағдаятты талдаудан нақты құқықтық мәселені өз бетінше зерделеуге және негізделген шешім іздеуге көшуге мүмкіндік береді. Курстың практикалық бағыты *жобалық қызмет* арқылы күшейтіледі.

10-сыныпта білім алушылардың күнделікті өміріне қажетті құқықтық ақпаратты жүйелеуге бағытталған «Жоғары сынып оқушысының құқықтық навигаторы» жобасы қарастырылған. 11-сыныпта «Менің

мектебімдегі/қаламдағы заң мен тәртіп» жобасы жүзеге асырылады. Оның аясында білім алушылар нақты мәселені анықтап, оның құқықтық қырларын зерттейді және оны шешуге бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлейді. Осылайша, жоба тек қорытынды өнім ретінде ғана емес, құқықтық білімді әлеуметтік маңызы бар қызметте қолдану тәсілі ретінде қарастырылады.

Курста пікірталастық және көпшілік алдында жұмыс істеу формаларына маңызды орын беріледі. «Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі» дебат турнирі дәлел келтіру, әртүрлі ұстанымдарды салыстыру және өз көзқарасын қорғау кезінде құқықтық негіздерді пайдалану дағдыларын дамытуға бағытталған. «Заң мен тәртіп: менің азаматтық ұстанымым» қорытынды конференциясы білім алушыларға зерттеу және жобалық жұмыстардың нәтижелерін ұсынуға, меңгерілген материалды қорытындылауға және қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысуға дайындығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Курсты әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыру *құзыреттілік, іс-әрекеттік, практикалық-бағдарлы, жағдаяттық, зерттеушілік, жобалық және құндылыққа бағдарланған тәсілдердің* үйлесуіне негізделеді. Бұл ретте оқу әрекеті біртіндеп күрделенеді: ұсынылған құқықтық жағдаятты талдау мен құқыққа сай шешім таңдаудан ақпаратты өз бетінше іздеуге, мәселені зерттеуге, жоба әзірлеуге, өз ұстанымын дәлелдеуге және нәтижелерді көпшілік алдында ұсынуға дейін жалғасады.

Осы логиканы жүзеге асыру үшін құқықтық кейстер, нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттарды талдау, практикалық тапсырмалар, құқықтық және қоғамдық рәсімдерді модельдеу, дебаттар, рөлдік ойындар, заң саласындағы мамандармен кездесулер, шағын зерттеулер және практикалық-бағдарлы жобалар қолданылады. Жұмыс формасын таңдау оқу мақсатына және сабақ қорытындысында білім алушы көрсетуі тиіс нақты нәтижеге сәйкес айқындалады.

Курстың тағы бір ерекшелігі – *құқық қорғау органдары қызметкерлерін тарту мүмкіндігі*. 10–11-сыныптарда олардың қатысуын құқықтық кейстерді талдаумен, зерттеу және әлеуметтік жобаларға консультациялық қолдау көрсетумен, құқықтарды қорғаудың практикалық тетіктерін түсіндірумен және кәсіби бағдар берумен байланыстыру орынды. Барлық жұмыс педагогтің үйлестіруімен, оқу бағдарламасында көзделген оқу мақсаттарына сәйкес, білім алушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін сақтай отырып, дербес деректерді қорғау және құпия ақпараттың жария етілуіне жол бермеу талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

Осылайша, 10–11-сыныптарға арналған «Заң мен тәртіп» курсының мазмұны құқықтық білімді меңгеруден оны зерттеушілік, жобалық және қоғамдық маңызы бар қызметте өз бетінше қолдануға қарай құрылады. Курс нәтижесінде білім алушы құқықтық жағдаятты талдауды, қажетті ақпаратты табуды және тексеруді, ықтимал салдарды бағалауды, өз ұстанымын дәлелдеуді, заңға сай шешім қабылдауды және өз құқықтарын қорғау мен қоғамдық өмірге қатысудың құқықтық тетіктерін пайдалануды меңгеруі тиіс.

Курстың Мазмұны

№	Тақырыптық мазмұн		10 сынып	11 сынып
1		Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі және жауапкершілігі	16-18 жастағы құқықтық мәртебе. Мәміле жасау кезіндегі азаматтық-құқықтық жауаптылық. Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы	Кәсіби қызметтің құқықтық аспектілері. Құқықтық мамандық өкілімен кездесу. Резюме құрастыру. Кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтары
2		Цифрлық қауіпсіздік және құқық жауапкершілік	Дропперлік, фишинг, вишинг: олардан қорғану алгоритмі және құқықтық жауапкершілік. Кибербуллинг және жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілік. Авторлық құқық және контентті коммерциялық мақсатта пайдалану.	Цифрлық қолтаңба және биометрия. Электронды коммерция және тұтынушы құқығы. Жасанды интеллект, нейрожелілер және авторлық құқық. Цифрлық ортада компьютерлік ойындарды пайдаланушылардың жауапты мінез-құлқын қалыптастыру (геймердің құқықтық мәртебесі: донаттар, аккаунттарды ұрлау, виртуалды мүлікті сатып алу).
3		Дербес деректерді қорғау.	Цифрлық із және дербес деректерді құқықтық қорғау	
4		Құқықтық мәселені зерделеу бойынша шағын зерттеу	Мектеп/өңірдегі құқықтық мәселеге қатысты шағын зерттеу (кезең-кезеңімен жүзеге асыру: мәселені таңдау, деректерді жинау, талдау, рәсімдеу, таныстыру).	Мектеп/өңірдегі құқықтық мәселеге қатысты шағын зерттеу (кезең-кезеңімен жүзеге асыру: мәселені таңдау, деректерді жинау, талдау, рәсімдеу, таныстыру).
5		Практикаға бағытталған жоба	«Жоғары сынып білім алушысының құқықтық навигаторы» жобасы	Менің мектебімдегі/ қаламдағы заң мен тәртіп» жобасы
6		Дебаттар Конференциялар	«Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі» дебат турнирі	«Заң мен тәртіп: менің азаматтық ұстанымым» тақырыбындағы қорытынды конференция. Курстың қортындысы

2. ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» КУРСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

10-сынып. ***I.«Әкімшілік және қылмыстық құқықтағы құқықтық мәртебе және жауапкершілік» бөлімі***

№1 сабақ

Тақырыбы: «Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі» (Құқықтық кейс-стади элементтері негізіндегі саралау сабағы)

Мақсаты: Оқушыларға жеке кәсіпкер мәртебесін алу және залалды қалпына келтіру сияқты құқықтық кейстер негізінде 14, 16 және 18 жастағы жасөспірімдердің құқықтық мәртебесін саралауды меңгерту, құқықтық ойлау қабілетін дамыту және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру.

Міндеттері:

1. 14, 16 және 18 жастағы жасөспірімдердің жеке кәсіпкерлік ашу және залалды қалпына келтіру бойынша заңнамалық құқықтары мен жас шектеулерін ажырату;
2. Ұсынылған құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әртүрлі жастағы жасөспірімдердің азаматтық-құқықтық қатынастарға түсу мүмкіндіктері мен жауапкершілік деңгейін анықтау;
3. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен Еңбек кодексінің баптарына сүйене отырып, құқықтық мәселелерге аудит жүргізу, дәлелдеу және практикалық шешімдер дайындау дағдыларын қалыптастыру;
4. Құқықтық сауаттылық мәдениеті мен белсенді азаматтық ұстанымды дамыту.

Күтілетін нәтиже

Оқушылар:

- Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін және жауапкершілігінің заңнамалық негіздерін түсінеді және баптарды талдайды;
- Нақты құқықтық мәселелерге (кейстерге) заңдық баға беріп, дәйексөздер мен сілтемелер ұсынады;
- Жеке кәсіпкерлік ашу және залалды қалпына келтіру бойынша құқықтық шешімдер қабылдаудың қадамдық алгоритмдерін меңгереді;
- Топпен жұмыс істеу, өз азаматтық позициясын қорғау және аналитикалық құқықтық сауаттылық дағдысын көрсетеді.

Қатысушылар: 10-сынып оқушылары

Жұмыс түрі: «Құқықтық сарапшылар» стиліндегі топтық симуляциялық кейс-стади сабағы.

Уақыты: 45 минут

Сабақтың жоспары

1. Ұйымдастыру кезеңі: «Визуалды жұмбақ» әдісі (7 минут)

2. Мұғалімнің түсіндірмесі: Теориялық блок (10 минут)
3. Интерактивті жұмыс: «Құқықтық кейс» топтық тапсырмасы (15 минут)
4. Топтардың жұмысын қорғау: Шешімдерді талқылау (8 минут)
5. Қорытынды және рефлексия (5 минут)

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі: «Визуалды жұмбақ» әдісі (7 минут)

Әдістің шарты: Мұғалім интерактивті тақтаға ұсынылған «Құқықтық мәртебе.png» суретін шығарады (14 жас — мектеп дәлізі, 16 жас — банкте құжатқа қол қою сәті, 18 жас — кеңседегі толыққанды жұмыс).

Мұғалімнің іс-әрекеті: Курстың мақсаты мен маңыздылығын түсіндіреді. Интерактивті тақтадағы суретті негізге ала отырып, проблемалық сұрақтар тастайды. Дайын жауапты айтпайды, сыныптағы пікірталасты бағыттап отырады.

Оқушылардың іс-әрекеті: Оқушылар суреттегі бейнелерге қарап, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен қоршаған ортасын зерделейді, өз болжамдарын айтып, сынып форматында талқылау бастайды.

Мұғалімнің проблемалық сұрақтары:

1. *Балалар, суреттегі 3 кейіпкердің іс-әрекеті мен қоршаған ортасына қарап, олардың заң алдындағы мүмкіндіктерін қалай сипаттар едіңдер?*
2. *Осы 3 кейіпкердің қайсысының жасы жеке кәсіпкер мәртебесін алуға жеткілікті деп ойлайсыңдар?*
3. *Ал егер олар байқаусызда біреудің мүлкіне залал келтірсе, оны қалпына келтіруге қайсысының жеке жауапкершілігі толық жетеді?*

Нәтиже: Оқушылар өз ойларын ортаға салу арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатына («Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі») өздігінен шығады.

II. Мұғалімнің түсіндірмесі: Теориялық блок (10 минут)

Педагогтің іс-әрекеті: Мұғалім оқушылардың болжамдарын тыңдап, оның дұрыс-бұрыстығын тексеру үшін тақтаға екінші «14,16,18.png» суретін (толық анықтамасы мен жағдаяттары бар инфографиканы) шығарады.

Оқу мақсатына сай суреттегі деректерді заңмен байланыстыра отырып, келесі түсініктеме жұмысын жүргізеді:

А) 14 жаста — мектептегі ереже мен алғашқы құқықтар (бірақ заң бойынша ата-ана келісімімен ғана ЖК ашу және шектеулі залалды өтеу мүмкіндігі).

Ә) 16 жаста — банкке шот ашу, келісімшарт жасау (кәсіпкерлікке және өз табысымен залалды өтеуге нақты қадам).

Б) 18 жаста — толыққанды азамат, өз бетінше шарт жасасу, кәсіпкерлік және 100% дербес материалдық жауапкершілік.

Оқушылардың іс-әрекеті: Оқушылар берілген инфографикадағы жазбаларды оқи отырып, өздерінің алдыңғы болжамдарын тексереді, заңнамалық негіздерді дәптерлеріне қысқаша түртіп алады.

III. Интерактивті жұмыс: «Құқықтық кейс» топтық тапсырмасы (15 минут)

Әдістің шарты: Оқушылар «Құқықтық сарапшылар» рөлінде жұмыс істейді. Мұғалім сыныпты 3 топқа бөліп, әр топқа инфографикада берілген «Ситуация» және «Жауапкершілік» бөліктерін кәсіпкерлік пен залалды қалпына келтіруге бейімделген жұмыс парағы үлгісінде таратады.

Топ / Сарапшылар	Зерттейтін бағыты мен кейсі	Негізгі заңнамалық қоржын
1-топ *(14 жас блогы)*	**«Мектептегі залал және алғашқы қадам»:** 14 жаста мектепте біреудің затына зиян келтіргенде, залалды қалпына келтіру механизмі қалай жүреді? (Жасөспірім өзі төлей ме, әлде ата-анасы ма?). Ата-ана келісімімен жеке кәсіпкер мәртебесін алуға бола ма?	Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, 22-бап (14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі)
2-топ *(16 жас блогы)*	**«Интернет-дүкен және эмансипация»:** 16 жастағы жасөспірім интернет-дүкен арқылы өз өнімін сатып, жеке кәсіпкер болғысы келеді. «Банкке шот ашу» және «шарттарды түсініп жасау» құқығы оған қалай көмектеседі? Егер сапасыз тауар сатып, шығын келтірсе, залалды кім өтейді?	Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, 22-1 бап («Эмансипация»), Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі, 31-бап
3-топ *(18 жас блогы)*	**«Толық құқық – толық жауапкершілік»:** 18 жасар азамат жұмысқа тұрып, өз бетінше жеке кәсіпкер мәртебесін алды. Егер ол келісімшарт талаптарын бұзып, серіктестеріне ірі көлемде шығын келтірсе, залалды қалпына келтіруде «толық жауапкершілік» принципі қалай орындалады? Ата-анасы араласа ала ма?	Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі(Толық әрекет қабілеттілігі және дербес материалдық жауапкершілік нормалары)

Топтарға арналған тапсырма құрылымы:

1. Жағдаяттың негізгі құқықтық мәселесін және заң бұзушылық немесе құқықтық даулы тұстарын анықтау.
2. Ресми заңнамалық жүйеге (**https://adilet.zan.kz/kaz/** сайтына) немесе берілген заң баптарына сүйене отырып, сұрақтарға құқықтық баға беру.
3. Өз шешімдерін постерге рәсімдеп, дәлелді аргументтер дайындау.
4. Жұмысты қорғауға бір спикер (баяндамашы) дайындау.

IV. Топтардың жұмысын қорғау: Шешімдерді талқылау (8 минут)

Ереже: Әр топқа өз жұмысын қорғауға 2 минут уақыт беріледі. Топтар инфографика мен заң баптарына сүйене отырып жасаған өз шешімдерін сынып алдында баяндайды және қорғайды.

Мұғалімге арналған кілт (Дұрыс жауаптар мен шешімдер үлгісі):

- *14-16 жас блогы (Диананың кейсі):* Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздерінің табысына, жалақысына не стипендиясына ата-анасының келісімінсіз-ақ өз бетінше билік етуге құқылы. Анасының телефонды қайта өткіземін деуі заңсыз.
- *16 жас блогы (Арманның кейсі):* Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22-1 бабына сәйкес, 16 жасқа толған бала ата-анасының келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысса, ол эмансипацияланған (толық әрекет қабілетті) деп жарияланады. Арман келісімшарттарды өз бетінше жасауға құқылы, әкесінің мәмілені бұзуға құқығы жоқ, барлық ықтимал залалдар үшін Арман бұдан былай дербес жауап береді.
- *18 жас блогы:* Азамат толық әрекет қабілеттілігіне ие болғандықтан, 100% дербес материалдық жауапкершілік тартады, бұл процеске ата-анасы заңды түрде араласа алмайды.

V. Қорытынды және рефлексия (5 минут)

Мұғалімнің қорытындысы: Сабақты қорытындылай келе, инфографиканың астындағы түйін сөзді оқиды: *«Құқығың бар екенін білу — маңызды. Ал сол құқықты дұрыс пайдалану және жауапкершілікпен қарау — нағыз азаматтықтың белгісі!»*

Рефлексия сұрақтары:

1. *Балалар, біз сабақты «Құқықтық мәртебе» суретінен бастадық, содан кейін инфографикамен таныстық, талдадық. Осы екі суретті салыстыра отырып айтыңдаршы, 14 жастан 18 жасқа дейін адамның құқықтық мәртебесінде не өзгереді екен?*
2. *Өздеріңе қандай өмірлік сабақ алдыңдар?*

Іс-әрекет: Оқушылар рефлексия сұрақтарына ауызша жауап береді және дәптерлеріне бүгінгі сабақтан түйген негізгі азаматтық ұстанымын 1 сөйлеммен жазып бекітеді.

САБАҚҚА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЙС БЛОГЫ

I. «Заңнамалық қоржын»

- **Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, 22-1 бап.** Эмансипация.
- **Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, 22-бап.** 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі.
- **Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі, 31-бап.** Еңбек шартын жасасуға жол берілетін жас.

II. Құқықтық жағдаяттарды шешуге арналған алгоритм («Қадамдық нұсқаулық»)

1-қадам: Жағдаяттағы заң бұзушылықты немесе даулы тұсты анықтаңыз.

2-қадам: Кейіпкерлердің жасын және олардың заңды мәртебесін назарға алыңыз.

3-қадам: Берілген заң баптарының ішінен осы оқиғаға сәйкес келетін тұсын табыңыз.

4-қадам: Сұрақтарға заң баптарына сілтеме жасай отырып, жазбаша жауап дайындаңыз.

III. Тақырыпқа қатысты қосымша құқықтық жағдаяттар

№1 жағдаят. Компьютерлік жабдық сатып алу: 16 жасар Арман ата-анасының жазбаша келісімін алып, заңды түрде жеке кәсіпкер (ЖК) ретінде тіркелді және мобильді қосымшалар әзірлеумен айналысатын шағын студия ашты. Ол бірнеше ай бойы сәтті жұмыс істеп, тапқан алғашқы ірі табысына кәсіпкерлік қызметін кеңейту үшін ата-анасының рұқсатынсыз компьютерлік дүкеннен өндірістік қуаты өте жоғары, қымбат серверлік жабдықтар мен кәсіби ноутбук сатып алу туралы келісімшартқа қол қойды. Арманның әкесі бұл мәмілені біліп қойып, дүкен әкімшілігіне барып: «Ұлым әлі кәмелетке толмаған, 16-жастағы баланың мынадай үлкен сомаға өз бетінше келісімшарт жасасуға құқығы жоқ. Сондықтан бұл мәміленің заңды күші жоқ, тауарды қайтарып алып, ақшамызды беріңіздер» деп талап етті.

Сұрақтар:

1. *(Білу деңгейі):* Арманның 16 жасында заңды түрде жеке кәсіпкер (ЖК) ретінде тіркелуіне не негіз болды және бұл процеске кімдердің келісімі қажет еді?
2. *(Түсіну):* Бұл жағдаятта «эмансипация» (кәмелеттік жасқа толмай тұрып толық әрекет қабілеттілігін алу) құбылысы орын алды ма? Өз жауабыңызды Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің баптарымен негіздеңіз.
3. *(Талдау):* Арманның әкесінің дүкен әкімшілігіне қойған талабы құқықтық тұрғыдан қаншалықты негізді? Әкесінің баласының бизнеске қатысты жасаған бұл мәмілесін бұзуға заңдық құқығы бар ма?
4. *(Бағалау/Салдар):* Егер Арман сатып алған бұл қымбат жабдықты байқаусызда бүлдіріп алса немесе үшінші тараптың тапсырысын уақытылы орындай алмай, бизнес серіктестеріне шығын келтірсе, бұл залалды кім өтейді: Арман ба, әлде оның ата-анасы ма? Неліктен?

№2 жағдаят. Жалақы және телефон сыйлау: 17 жасар Диана колледждің 2-курсында оқиды және бос уақытында ресми түрде кондитерлік цехта еңбек шартымен жұмыс істейді. Ол өзінің жинаған жалақысына досына қымбат телефон сыйлағысы келді. Алайда, Диананың анасы мұны естіп: «Сен әлі баласың, сенің тапқан ақшаң отбасылық бюджетке жұмсалуы керек немесе менің рұқсатыммен ғана жұмсалады» деп телефонды дүкенге қайта өткізіп тастамақшы болды.

Сұрақтар:

5. *(Білу):* Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға өз табысына (жалақысына, стипендиясына) өз бетінше билік ету құқығы берілген бе?

6. *(Түсіну):* Диананың ресми түрде еңбек шартымен жұмыс істеуі оны автоматты түрде «эмансипацияланған (толық әрекет қабілетті) азамат» қатарына жатқыза ма? Эмансипациялану үшін бұл жерде не жетіспейді?

7. *(Талдау):* Диананың анасының «телефонды дүкенге қайта өткіземін» деген әрекеті заңды ма? Анасының баласының жеке тапқан табысын бақылауға құқықтық негізі бар ма?

8. *(Қолдану/Болжау):* Егер Диана өз жалақысына емес, ата-анасы туған күніне сыйға тартқан ақшаға қымбат телефон сатып алып, оны досына сыйлағысы келсе, жағдай құқықтық тұрғыдан қалай өзгерер еді?

IV. Құқықтық жағдаяттың шешімін шығаруға қатысты бағалау критерийлері

Критерий	Балл
Құқықтық сауаттылық: Жағдаяттың негізгі мәселесін және Қазақстан Республикасы Заңдары мен Кодекстерінің (АК, ЕК) қажетті баптарын дұрыс анықтау, сілтеме жасау	5
Құқықтық баға беру: Кейіпкерлер мен олардың заңды өкілдерінің әрекеттеріне (заңды/заңсыз) заңнама тұрғысынан дұрыс баға беру	5
Алгоритм дәйектілігі: Ұсынылған қадамдық нұсқаулыққа сәйкес сұрақтарға дәлелді, талдауға негізделген аргументті жауаптар әзірлеуі	5
Командалық жұмыс: Топ ішіндегі рөлдерді тиімді бөлу, бірлесіп құқықтық шешім қабылдау және регламентті сақтау	5
Жұмысты қорғау мәдениеті: Топтық постер мен шешімді сынып алдында сенімді, заңдық терминдерді орынды қолдана отырып қорғауы	5

Сабақ қызықты өту үшін педагогке әдістемелік кеңес:

1. Сабақ басында «Құқықтық мәртебе.png» суретін көрсеткенде, оны оқушылардың 9-сыныпта өткен базалық білімдерін жылдам жаңғырту құралы ретінде пайдаланған тиімді. Бұл құрғақ қайталауды қысқартып, практикалық кейс-стади кезеңінде оқушылардың аналитикалық құқықтық сауаттылығын арттыруға барынша көп уақыт береді.

2. Топтық тапсырмаларды, оларды орындау алгоритмін және уақыт үнемдеу мақсатында жағдаяттарға қатысты заң баптарын әр топқа дайын жұмыс парағы үлгісінде басып ұсынған жөн.

3. Тапсырма орындау барысында оқушылар интернеттегі іздеу жүйелерін қолданса, табылған ақпараттың ресми екендігіне (мысалы, **https://adilet.zan.kz/kaz/** ресми заңнамалық сайты екеніне) көз жеткізіп, бағыттап отыру қажет.

4. Әр топтың үстеліне «Құқықтық сарапшы» немесе «Жас заңгер» деп жазылған арнайы бейджде мен куверткалар қойып, сабақты рөлдік симуляция форматында өткізу оқушылардың пәнге деген ынтасын арттырады.

№2 сабақ.

Тақырыбы: Кәмелетке толмағандардың мәмілелер жасасу кезіндегі азаматтық-құқықтық жауаптылығы

Оқу мақсаты: Кейстерді (мәміле жасау, табысқа билік ету, зиян келтіру) талдау арқылы кәмелетке толмағандардың азаматтық-құқықтық жауаптылығының шегін анықтайды.

Сабақтың мақсаты:

Кәмелетке толмағандардың (14-18 жас) дербес және субсидиарлық (қосымша) азаматтық жауапкершілік шегін ажыратады; Құқықтық кейстер мен дайын талап арыз үлгілеріндегі қателіктерді талдау арқылы функционалдық құқықтық сауаттылығын дамытады.

Күтілетін нәтижелер:

- **Білу және түсіну:** Оқушылар 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің мүліктік зиян келтіру кезіндегі дербес және субсидиарлық жауапкершілігінің құқықтық негіздерін (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 926-бабы) біледі және заң терминдерінің мағынасын түсінеді;
- **Қолдану:** Тұрмыстық және еңбек қатынастарында туындайтын нақты құқықтық жағдаяттарды (кейстерді) заңнамалық алгоритмге салып, дербес шешім қабылдауға қолдана алады;
- **Талдау және жинақтау:** Дайын құқықтық құжаттардың (талап арыздардың) заңдылығына аудит жүргізе отырып, олардағы материалдық және процестік қателіктерді талдайды, заң талаптарына сай келетін жиынтық қорытынды жасайды.

Қатысушылар: 10-сынып оқушылары

Жұмыс түрі: «Заңгерлік аудит» стиліндегі топтық-сараптамалық сабақ

Уақыты: 45 минут

Сабақтың жоспары

1. Ұйымдастыру және білімді жаңғырту: «Ой қозғау» кезеңі (5 минут)
2. Мұғалімнің түсіндірмесі: Fact Sheet негізіндегі теориялық блок (5 минут)
3. Интерактивті жұмыс: «Құқықтық кейс және заң аудиті» (20 минут)
4. Топтардың жұмысын қорғау: Шешімдерді салыстыру және жиынтық талдау (10 минут)
5. Қорытынды және рефлексия: «3-2-1» әдісі (5 минут)

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру және білімді жаңғырту (5 минут)

- **Мұғалімнің іс-әрекеті:** Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендейді. Оқушылардың 9-сыныпта «Құқық негіздері» пәнінен алған алғашқы білімдерін (әрекет қабілеттілігі, мәміле ұғымы) жылдам еске түсіру үшін проблемалық сұрақ қояды. Талқылау соңында жаңа тақырыпты жариялап, нейрожелілер көмегімен сыныпты 4 топқа бөледі.
- **Оқушылардың іс-әрекеті:** Мұғалімнің сұрағына өз болжамдарын айтып, ішінара әрекет қабілеттілігі туралы білімдерін жаңғыртады. Топтарға бөлініп, өз орындарына жайғасады.
- **Педагогтің проблемалық сұрағы:**

«Балалар, 9-сыныптан білесіңдер, 14-18 жас аралығында ішінара әрекет қабілеттілігі болады. Ал егер осы жастағы бала біреудің мүлкіне шығын келтірсе немесе мәміле шартын бұзса, заң алдында жауаптылық шегі қалай анықталады?»

II. Мұғалімнің түсіндірмесі: Теориялық блок (5 минут)

- **Педагогтің іс-әрекеті:** Тақтаға «Fact Sheet (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 926-бабы)» көрнекілік суретін шығарады.

Осы тірек парағының көмегімен 14 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдердің зиян келтіргені үшін жауапкершілік қағидаларын заңдық тұрғыдан түсіндіреді.

Негізгі тезис: 14-тен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер өздері келтірген зиян үшін жалпы негіздер бойынша дербес жауап береді. Ата-ана немесе заңды өкілдер тек баланың мүлкі не табысы жетпеген жағдайда ғана субсидиарлық (қосымша) жауапкершілікке тартылады.

Оқушылардың іс-әрекеті: Инфографикадағы 1, 2, 3-блоктарды мұғаліммен бірге талдайды, дербес және субсидиарлық жауапкершілік ұғымдарын дәптерлеріне жазып алады.

III. Интерактивті жұмыс: «Құқықтық кейс және заң аудиті» (20 минут)

Әдістің шарты: Сынып екі үлкен блокқа (А және Б) бөлінеді. Әр блокта 2 топ жұмыс істейді. Бірінші топ кейс сұрақтарына заң тұрғысынан жауап іздесе (Сарапшылар), екінші топ дайын құжаттағы заңдық қателерді анықтайды (Заңгер-сыншылар). Мұғалім топтарға жұмыс парақтарын, «Заңнамалық қоржынды» және шешу алгоритмін таратады.

А БЛОГЫ: №1 жағдаят. «Бейнекамераны сындыру»

1-топ: Сарапшылар (Кейсті талдау)

Тапсырма: Жағдаятты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 926-бабы бойынша талдаңыздар. Бұл жерде азаматтық жауаптылық шегі қалай анықталады? Фотостудия алдында бірінші кезекте кім жауап береді? Ерланның жеке табысының жоқтығы шешімге қалай әсер етеді? Ата-анасы бұл шығынды төлеуден бас тарта ала ма?

2-топ: Заңгер-сыншылар (Құжат аудиті)

Тапсырма: Фотостудия заңгері сотқа дайындаған №1 талап арыз үлгісін (қате нұсқасын) зерттеп, одан 3 заңдық қателікті табыңыздар.

Б БЛОГЫ: №2 жағдаят. «Лабораториядағы оқыс оқиға»

3-топ: Сарапшылар (Кейсті талдау)

Тапсырма: Аружанның азаматтық-құқықтық жауаптылығының шегі қандай? Оның ай сайынғы өз табысының (жалақысының) болуы шығынды өтеу механизмін қалай өзгертеді? Лаборатория әкімшілігі бірден Аружанның ата-анасына барып, ақша талап етуге құқылы ма?

4-топ: Заңгер-сыншылар (Құжат аудиті)

Тапсырма: Лаборатория дайындаған №2 талап арыз үлгісін (қате нұсқасын) зерттеп, одан 3 заңдық қателікті табыңыздар.

IV. Топтардың жұмысын қорғау: Шешімдерді салыстыру (10 минут)

- **Ереже:** Топтар кезекпен шығып, өз постерлерін немесе жұмыс парақтарын қорғайды. 1-топ жауап берсе, 2-топ толықтырады және қателерді көрсетеді (А блогы). Кейін 3 пен 4-топ өз шешімдерін баяндайды (Б блогы).
- **Педагогтің іс-әрекеті:** Оқушылардың жауаптарын бағалай отырып, тақтаға салыстыру кестесін сызады және сыныппен бірге жиынтық талдау жүргізеді:

Жиынтық салыстыру кестесі

Салыстыру негіздері	Ұқсастығы (Ерлан мен Аружан)	Айырмашылығы (Ерлан мен Аружан)
Құқықтық реттелуі	Екі кейіпкер де 14-18 жас аралығында болғандықтан, екеуіне де Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 926-бабы қолданылады.	Ерлан — 14 жаста (тұрақты жеке табысы мүлдем жоқ), Аружан — 16 жаста (өз жалақысы бар).
Дербес жауапкершілік	Екеуі де заң алдында келтірілген зиян үшін бірінші	Ерланның мүлкі жоқ болғандықтан, дербес жауапкершілік тек қағаз

	кезекте өздері дербес жауап береді (ата-аналары бірден бірінші жауапкер болмайды).	жүзінде қалып, іс жүзінде шығын бірден ата-анаға ауысады. Аружан бірінші кезекте өз жалақысынан (80 000 тг) төлей бастайды.
Ата-ананың рөлі (Субсидиарлық)	Егер баланың қаражаты жетпесе, екі жағдайда да ата-ана қосымша материалдық жауаптылыққа тартылады.	Ерланның жағдайында ата-ана 500 000 теңгені толық өтейді. Аружанның жағдайында ата-ана тек Аружанның өз ақшасынан жетпей қалған бөлігін ғана толықтырады.

V. Қорытынды және рефлексия (5 минут)

Педагогтің қорытындысы: Сабақты қорытындылай келе, басты заңдылықты бекітеді: *«Еркіндік пен құқықты талап ететін жасөспірім оның материалдық жауапкершілігі де бірге жүретінін сезінуі тиіс»*.

Рефлексия: «3-2-1» әдісі

Оқушылар парақшаларға бүгінгі сабақ бойынша келесі жазбаларды қалдырады:

- **3** – бүгін меңгерген маңызды 3 заң термині...
- **2** – мені құқықтық тұрғыдан ойландырған 2 жағдай...
- **1** – өмірде міндетті түрде қолданатын 1 ереже...
-

САБАҚҚА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЙС БЛОГЫ

I. Жағдаяттар мен қате жазылған талап арыздар мәтіні

№1 жағдаят (А блогы): 14 жасар Ерлан мектеп жобасын түсіру үшін фотостудиядан құны 500 000 теңге тұратын кәсіби бейнекамераны жалға алды. Түсірілім барысында ол абайсызда камераны тас еденге құлатып, толықтай сындырды. Фотостудия шығынды өтеуді талап етті. Ерланның ешқандай жеке табысы немесе мүлкі жоқ.

№1 талап арыз үлгісі (Қате нұсқа): *Талап қоюшы:* «Фото-Стар» ЖШС. *Жауапкер:* Ерланның әкесі — С. Ахметов (Ерлан жауапкер бола алмайды, өйткені 14-те). *Талап-тілек:* Ерлан абайсызда бейнекамераны сындырғандықтан, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі бойынша оның әкесі С. Ахметовтен 500 000 теңге өндірілсін және Ерланды заң бұзғаны үшін 1 жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесілсін.

№2 жағдаят (Б блогы): 16 жасар Аружан жеке ғылыми лабораторияда лаборанттың көмекшісі болып ресми жұмыс істейді және ай сайын 80 000 теңге жалақы алады. Тәжірибе барысында ол ережелерді дұрыс сақтамай, құны 600 000 теңге тұратын қымбат электронды microскопты сындырып алды. Лаборатория әкімшілігі шығынды өтеуді талап етті.

№2 талап арыз үлгісі (Қате нұсқа): *Талап қоюшы:* «Био-Лаб» орталығы. *Жауапкер:* 16 жасар Аружан. *Талап-тілек:* Аружан микроскопты сындырды. Оның ресми жалақысы болғандықтан, шығынды тек Аружанның өзі төлеуі тиіс. Ата-анасының бұл іске еш қатысы жоқ, оларға ешқандай материалдық міндеттеме жүктелмейді. Егер Аружанның жалақысы жетпесе, сот оны жұмыстан шығарып, жаза ретінде әкімшілік қамауға алуы керек. Іс Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі сотта қаралсын.

II. «Заңнамалық қоржын»

- **Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, 22-бап.** 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекет қабілеттілігі (Мәміле жасау шегі).
- **Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, 926-бап.** 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауаптылық.

III. Құқықтық жағдаяттарды шешуге арналған қадамдық алгоритм

1-қадам: Кейіпкердің жасын анықтап, оның әрекет қабілеттілігенің шегін белгілеңіз.

2-қадам: Жасалған әрекеттің сипатын анықтаңыз (ерікті мәміле ме, әлде заңсыз зиян келтіру ме?).

3-қадам: «Заңнамалық қоржыннан» дербес және қосымша (субсидиарлық) жауапкершілік туралы баптарды тауып, салыстырыңыз.

4-қадам: Заң бабына сілтеме жасай отырып, нақты шешімді тұжырымдаңыз.

IV. Бағалау дескрипторлары **(Оқушыларға арналған)**

- Кәмелетке толмағандардың мәміле жасасу және зиян келтіру кезіндегі құқықтық мәселесін анықтайды;
- Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22 және 926-баптарына дәл сілтеме жасайды;
- Дербес жауаптылық пен субсидиарлық жауаптылықтың аражігін ажыратады;
- Келтірілген залалды қалпына келтірудин заңды шешімін ұсынады.

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН КІЛТ (Дұрыс жауаптар)

№1 жағдаяттың дұрыс шешімі: Ерлан 14 жаста болғандықтан, ол ішінара әрекет қабілеттілігіне ие және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 926-бабының 1-тармағына сай келтірілген зияны үшін бірінші кезекте өз бетінше (дербес) жауапты деп танылады. Алайда оның жеке табысы мен мүлкі жоқ. Заңның 926-бабы 2-тармағына сәйкес, баланың қаражаты жетпегендіктен, фотостудияға келтірілген 500 000 теңге шығынды оның ата-анасы субсидиарлық (қосымша) тәртіппен толық көлемде өтеуге міндетті. Ата-ана «біз рұқсат берген жоқпыз» деп төлеуден бас тарта алмайды.

- *№1 талап арыздағы қателер:*

1. Жауапкер ретінде тек әкесі емес, бірінші кезекте Ерланның өзі көрсетілуі керек еді (ата-ана қосымша жауапкер ретінде жүреді).

2. Бұл қылмыстық іс емес, азаматтық қатынас, сондықтан Қылмыстық кодекске сілтеме жасау және "бас бостандығынан айыруды" талап ету мүлдем қате.

№2 жағдаяттың дұрыс шешімі: Аружан 16 жаста және оның ай сайынғы 80 000 теңге ресми жалақысы бар. Ол да бірінші кезекте дербес жауап береді және лаборатория әкімшілігі шығынды бірден ата-анасынан талап ете алмайды, шығын оның өз жалақысынан ұсталады. Бірақ микроскоптың құны (600 000 теңге) оның табысынан жоғары болғандықтан, Аружанның ақшасы жетпей қалған бөлігін оның ата-анасы субсидиарлық жауапкершілікпен толықтырып төлеуге міндетті болады.

- *№2 талап арыздағы қателер:*

1. Ата-ананы материалдық міндеттемеден толық босату қате (олар жетпеген бөлігіне субсидиарлы жауапты).
2. Жұмыстан шығару немесе әкімшілік қамау — азаматтық соттың құзыреті емес.
3. Іс Әкімшілік сотта емес, Азаматтық істер жөніндеге аудандық сотта қаралуы тиіс.

№3 сабақ

Тақырыбы: Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы

Оқу мақсаты: Әкімшілік теріс қылық үшін жауаптылық шараларын анықтайды.

Сабақтың мақсаты:

- Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылық ерекшеліктерін түсіне отырып, оларға қолданылатын әкімшілік теріс қылық үшін жауаптылық шараларын дұрыс анықтайды және талдайды.

Күтілетін нәтижелер:

- **Білу және түсіну:** Оқушылар әкімшілік жауаптылықтың 16 жастан басталатынын (ӘҚБтК 32-бап) және 14-16 жас аралығындағы құқық бұзушылықтар үшін ата-аналардың жауапкершілікке тартылу тетіктерін біледі;
- **Қолдану:** Күнделікті өмірде (мессенджерлер, түнгі уақыттағы жүріс-тұрыс, қоғамдық орындар) кездесетін әкімшілік теріс қылықтарды заңнамалық алгоритм бойынша саралап, құқықтық баға бере алады;
- **Талдау және жинақтау:** Ұсынылған құқықтық кейстерді ӘҚБтК және Азаматтық кодекс баптарымен шендестіре отырып, жаза түрлері мен тәрбиелік ықпал ету шараларының аражігін ажыратады, жиынтық талдау жасайды.

Қатысушылар: 10-сынып оқушылары

Жұмыс түрі: «Заңгерлік аудит және кейс-стади» стиліндегі топтық-сараптамалық сабақ

Уақыты: 45 минут

Сабақтың жоспары

1. Ұйымдастыру және білімді жаңғырту: «Сурет сөйлейді» әдісі (5 минут)
2. Мұғалімнің түсіндірмесі: Инфографика негізіндегі теориялық блок (5 минут)
3. Интерактивті жұмыс: «Құқықтық кейс және заң аудиті» (25 минут)
4. Топтардың жұмысын қорғау: Шешімдерді баяндау және жиынтық талдау (5 минут)
5. Қорытынды және рефлексия: Проблемалық пікірталас (5 минут)

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру және білімді жаңғырту (5 минут)

Мұғалімнің іс-әрекеті: Оқушылармен амандасып, назарын сабаққа аударады. Экранға күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдаятқа қатысты суретті (сағат 23:30-да саябақта музыка қойып отырған жасөспірімдер мен полиция қызметкерлері) шығарады.

Сыныпты нейрожелі көмегімен үлгерім деңгейлерін теңестіре отырып 4 топқа бөледі.

Оқушылардың іс-әрекеті: Суретке қарап, заңдық тұрғыдан баға береді, өз болжамдарын айтады.

Педагогтің проблемалық сұрағы:

«А. және оның достары заң бұзды ма? Егер бұзған болса, оларға қандай шара қолданылуы мүмкін?»

II. Мұғалімнің түсіндірмесі: Теориялық блок (5 минут)

Педагогтің іс-әрекеті: Тақтаға әкімшілік жауаптылыққа қатысты инфографиканы шығарып, негізгі заңнамалық базаны (ӘҚБтК 65-70 баптары) түсіндіреді.



Негізгі тезис: Әкімшілік жауаптылық **16 жастан** басталады. 16-ға толмаған (14-15 жас) балалар құқық бұзушылық жасаса, жауаптылық (айыппұл) олардың ата-аналарына жүктеледі (ӘҚБтК 435-бап), ал жасөспірім профилактикалық есепке алынады. Кәмелетке толмағандарға әкімшілік қамаққа алу және қоғамдық жұмыстар жазасы қолданылмайды.

Оқушылардың іс-әрекеті: Инфографикадағы жаза түрлерін, шектеулерді және тәрбиелік ықпал ету шараларын мұғаліммен бірге талдап, қысқаша конспект жасайды.

III. Интерактивті жұмыс: «Құқықтық кейс және заң аудиті» (25 минут)

Әдістің шарты: Әр топқа нақты өмірден алынған жағдаяттар мен заңнамалық сілтемелер беріледі. Топтар ресми ақпарат көздеріне (мысалы, adilet.zan.kz) сүйене отырып, кейсті шешеді және заңдық баға береді.

1-топ: «Чаттағы кибербуллинг» (ӘҚБтК, 435-бап)

Кейс: 15 жасар Сұлтан сыныптасының суретін әдепсіз етіп жасап, Telegram чатқа балағат сөздермен таратқан.

Тапсырма: Сұлтанның «бұл жай әзіл» деген уәжі заңды ма? 15 жаста болғаны оны жауаптылықтан босата ма?

2-топ: «Түнгі компьютерлік клуб» (ӘҚБтК, 442-бап, 132-бап)

Кейс: 15 жасар Ақыл сағат 23:45-те компьютерлік клубта ойын ойнап отырған жерінен ұсталды. Клуб әкімшісі «ешқандай зиян келген жоқ» дейді.

Тапсырма: Бұл жерде кімдер және қандай заң баптары бойынша жауапқа тартылады?

3-топ: «Ашу үстіндегі вандализм» (ӘҚБтК, 434-435 баптар, АК 22-26 баптар)

Кейс: 15 жасар Илияс ашуланып, жалға берілетін электросамокатты теуып, фарасы мен себетін сындырған.

Тапсырма: Илиястың бұл әрекеті қалай квалификацияланады? Келтірілген материалдық шығынды кім және қалай өтейді?

4-топ: «Сауда орталығындағы бейәдеп сөздер» (ӘҚБтК, 435-бап)

Кейс: 15 жасар Камила мен құрбысы фудкортта қатты дауыспен балағат сөздер айтқан. Ескертуге «бұл біздің жеке құқығымыз» деп жауап берген.

Тапсырма: Қыздардың уәжі заңға сай ма? Олардың әрекетіне қандай құқықтық шара қолданылады?

IV. Топтардың жұмысын қорғау: Шешімдерді баяндау (5 минут)

Оқушылардың іс-әрекеті: Әр топ өз постерлерін немесе жұмыс парақтарын қорғап, заң баптарына сүйене отырып дәлелді шешімдерін ұсынады.

Педагогтің іс-әрекеті: Оқушылардың жауаптарын бағалай отырып, тақтада жиынтық қорытынды жасайды.

V. Қорытынды және рефлексия (5 минут)

Педагогтің қорытындысы: Сабақты өмірмен байланыстыра отырып бекітеді: *«Жасөспірімдер арасындағы «маған әлі 16 толған жоқ, ештеңе болмайды» деген түсінік қате. Кез келген теріс әрекет үшін заң алдында жауаптылық бар, ал 16 жасқа дейін бұл зардапты тікелей ата-ана тартады»*.

Проблемалық пікірталас сұрақтары:

1. Кәмелетке толмағандарға заң неліктен жеңілдіктер жасайды? Бұл әділетті ме?
2. Бүгінгі сабақ сіздердің күнделікті өмірдегі мінез-құлықтарыңызға әсер ете ме?

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН КІЛТ (Дұрыс жауаптар)

№1 жағдаяттың шешімі (Кибербуллинг): Интернетте адамның ар-намысына тию — ұсақ бұзақылық белгілеріне жатады. Сұлтан 15 жаста болғандықтан, ӘҚБтК-нің 435-бабы (14-тен 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған ұсақ бұзақылық) іске қосылады. Сұлтанның өзіне тікелей айыппұл салынбайды, бірақ оның **ата-анасына 7 АЕК көлемінде айыппұл** салынады. Сондай-ақ, Сұлтан ювеналды полицияның профилактикалық есебіне алынады.

№2 жағдаяттың шешімі (Түнгі клуб): ӘҚБтК-нің 442-бабы 1-бөліміне сай, жасөспірімдердің түнгі уақытта (22:00-ден таңғы 06:00-ге дейін) заңды өкілдерінсіз ойын-сауық мекемелерінде болуына тыйым салынады.

1. Ақылдың ата-анасына бірінші рет белгіленген тәртіппен **ресми ескерту** беріледі.
2. Компьютерлік клуб иесіне кәмелетке толмағандарды түнгі уақытта жібергені үшін **ӘҚБтК-нің 132-бабы бойынша ірі көлемде әкімшілік айыппұл** салынады. Клуб әкімшісінің уәжі заңсыз.

№3 жағдаяттың шешімі (Вандализм): Бөгденің мүлкін қасақана бүлдіру — ұсақ бұзақылық/вандализм белгісі (ӘҚБтК 434-бап). Илияс 15

жаста болғандықтан, ӘҚБтК 435-бабы бойынша оның ата-анасына әкімшілік айыппұл қолданылады. Сонымен қатар, материалдық шығын мәселесі туындайды: Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22-26 баптарына сәйкес, Илиястың жеке табысы жоқ болғандықтан, оның **ата-анасы самокат компаниясына келтірілген барлық материалдық шығынды (жөндеу құнын) өз қалтасынан толық өтеуге** міндеттеледі.

№4 жағдаяттың шешімі (Бейәдеп сөздер): Қоғамдық орында балағат сөйлеу — ұсақ бұзақылық болып табылады. Қыздардың «жеке құқық» туралы айтқаны қате, өйткені адам құқығы басқалардың құқығы мен тыныштығы бұзылған жерде аяқталады. Қыздар 15 жаста болғандықтан, ата-аналарына ӘҚБтК 435-бабы бойынша хаттама толтырылып, айыппұл салынады, ал қыздар мектепшілік бақылау тізіміне алынады.

Бағалау дескрипторлары

- Жағдаяттың негізгі құқықтық мәселесін (әкімшілік теріс қылық сипатын) дұрыс анықтайды;
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) қажетті бабын дәл тауып, сілтеме жасайды;
- Кейіпкерлердің әрекетіне (жасына және құқық бұзушылық субъектісіне қарай) дұрыс құқықтық баға береді;
- Қолданылатын жауаптылық шараларын (айыппұл кімге салынады, шығынды кім өтейді) дәлелді түрде негіздейді.

№4 сабақ.

Тақырыбы: Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

Оқу мақсаты: Қылмыстық теріс қылық және қылмыс үшін жауаптылық шараларын анықтайды.

Сабақтың мақсаты:

Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық теріс қылық пен қылмыстың айырмашылығын түсіне отырып, заң бойынша қылмыстық жауаптылықтың басталу жасын және оларға қолданылатын жауаптылықты, жаза түрлерін дұрыс анықтайды.

Күтілетін нәтижелер:

- **Білу және түсіну:** Оқушылар қылмыстық жауаптылықтың жалпы (16 жас) және ерекше (14 жас) басталу жасын біледі, сондай-ақ соттылықтың (судимость) құқықтық және әлеуметтік салдарларын түсінеді;
- **Қолдану:** Тұрмыста немесе цифрлық кеңістікте кездесетін қауіпті жағдайларды (жалған бомба, автокөлікті рұқсатсыз айдау, бопсалау, ұрлық) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарымен шендестіріп, құқықтық алгоритм негізінде саралай алады;
- **Талдау және жинақтау:** Нақты қылмыстық кейстерге құқықтық аудит жүргізу арқылы әрекеттің сипатын (қылмыстық теріс қылық па, әлде қылмыс па) ажыратады және жасөспірімдерге қолданылатын заңды жаза түрлері мен жеңілдіктерді талдап, жиынтық шешім шығарады.

Қатысушылар: 10-сынып оқушылары

Жұмыс түрі: «Заңгерлік аудит және кейс-стади» стиліндегі топтық-сараптамалық сабақ

Уақыты: 45 минут

Сабақтың жоспары

1. Ұйымдастыру және білімді жаңғырту: «Концептуалды ілмек» әдісі (5 минут)
2. Мұғалімнің түсіндірмесі: Fact Sheet негізіндегі теориялық блок (5 минут)
3. Интерактивті жұмыс: «Құқықтық кейс және заң аудиті» (25 минут)
4. Топтардың жұмысын қорғау: Шешімдерді баяндау және жиынтық талдау (5 минут)
5. Қорытынды және рефлексия: Проблемалық пікірталас (5 минут)

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру және білімді жаңғырту (5 минут)

Мұғалімнің іс-әрекеті: Оқушылармен амандасып, сыныпты түгендейді. Тақтаға 10-сынып оқушылары армандайтын танымал, беделі жоғары мамандықтар мен мақсаттар тізімін жазады (IT-компанияда жұмыс істеу, шетелдік гранттар, «Болашақ» бағдарламасы, құқық қорғау саласы). Оқушылардың назарын бір ғана кілт сөзге аудару мақсатында проблемалық сұрақ қояды. Сыныпты 4 топқа бөледі.

Оқушылардың іс-әрекеті: Мұғалімнің сұрағына жауап бере отырып, өз болжамдарын айтады және бұл ұғымның болашақ мансапқа тигізер кесірін талқылайды.

Педагогтің проблемалық сұрағы:

«Балалар, мына тізімге қараңыздаршы. Сіздер мектепті үздік бітіріп, мықты маман болсаңдар да, құжаттарыңыздағы бір ғана сөз осы есіктердің барлығын мәңгілікке тарс жауып тастауы мүмкін. Ол сөз — соттылық (судимость). Қалай ойлайсыздар, соттылық деген не және ол адамның болашағына қалай әсер етеді?»

II. Мұғалімнің түсіндірмесі: Теориялық блок (5 минут)

Педагогтің іс-әрекеті: Оқушылардың 9-сыныпта «Құқық негіздері» пәнінен алған қылмыстық құқық туралы білімдерін жаңғыртады. Экранға «Жасөспірім және қылмыстық заң: Құқықтық анықтамалық» Fact Sheet инфографикасын шығарып, негізгі заңдылықтарды түсіндіреді. Әр партаға ақпараттық парақшаларды таратады.

Неге баса назар аудару керек: Қылмыстық жауаптылық жалпы ереже бойынша **16 жастан** басталғанымен, қоғамға аса қауіпті қылмыстар (ұрлық, тонау, бопсалау, вандализм, терроризм туралы жалған хабарлама) үшін жауаптылық **14 жастан** басталады. «Мен әлі 18-ге толмадым» деп жеңіл ойлаудың салдары өмір бойы өшпейтін соттылық таңбасына әкелетінін ескертеді.

Оқушылардың іс-әрекеті: Таратылған Fact Sheet парақшасымен 2 минут ішінде танысып шығады, жасөспірімдерге қолданылатын жаза түрлері мен заңдық жеңілдіктерді дәптерге қысқаша түртіп алады.

III. Интерактивті жұмыс: «Құқықтық кейс және заң аудиті» (25 минут)

Әдістің шарты: Әр топқа нақты өмірде, әсіресе TikTok немесе мессенджерлердегі «пранк» (әзіл) ретінде жасалып, соңы қылмысқа ұласатын жағдаяттар жазылған карточкалар мен «Заңнамалық қоржын» беріледі. Топтар ресми құқықтық жүйеге (adilet.zan.kz) сүйене отырып, 3 негізгі сұрақ төңірегінде кейске заңгерлік аудит жүргізеді.

Сараптамалық сұрақтар:

1. Бұл әрекет қылмыстық теріс қылық па, әлде қылмыс па?
2. Жасөспірімнің жасын ескерсек, ол қылмыстық жауапқа тартыла ма?
3. Оған қандай жауаптылық шарасы (жаза) қолданылуы мүмкін?

1-топ: «Мектептегі бомба» немесе «Сәтсіз әзіл» (Данияр, 15 жаста)

Кейс: Бақылаудан қашу үшін мектеп телефонына жасырын нөмірден хабарласып, жалған жарылыс туралы айтқан. «Мен жай ғана қалжыңдадым» деп ақталады.

2-топ: «Досының көлігін айдап кету» (Руслан, 15 жаста)

Кейс: Көршісінің оталған көлігін мақтану үшін рұқсатсыз мініп, ауланы айналмақ болғанда қоршауға соғылған. «Сату ойымда болған жоқ» дейді.

3-топ: «Мектептегі әлімжеттік және бопсалау» (Санжар, 15 жаста)

Кейс: 7-сынып баласын соққыға жығамыз деп қорқытып, ертеңіне 5000 теңге әкелуді талап еткен. «Бұл жай ғана мектеп ішіндегі ерегіс» дейді.

4-топ: «Оңай олжа» немесе «Смартфон ұрлығы» (Нұрбол, 16 жаста)

Кейс: Спорт секциясында досының ұмытып кеткен жаңа iPhone телефонын жасырын қалтасына салып алған. «Мен оны тартып алмадым, иесіз жатты» дейді.

IV. Топтардың жұмысын қорғау: шешімдерді баяндау (5 минут)

Оқушылардың іс-әрекеті: Әр топтан спикер шығып, 2-3 минут ішінде Fact Sheet-ке сүйеніп жасаған заңдық тұжырымдамаларын ортаға салады.

Педагогтің іс-әрекеті: Сыныпты ортақ талқылауға бағыттап, әр кейстің дұрыс заңдық бағасын (кілтін) экранға шығарып, түзетулер енгізеді.

V. Қорытынды және рефлексия (5 минут)

Педагогтің қорытындысы: Сабақты өмірлік мақсаттармен ұштастырып аяқтайды: *«Мемлекеттің мақсаты — жасөспірімді міндетті түрде жазалау емес, қоғамды қорғау және құқықтық сананы қалыптастыру. Бүгін көргеніміздей, пранк немесе мақтану үшін жасалған бір қате қадам болашақ армандардың күл-талқанын шығаруы мүмкін».*

Рефлексиялық пікірталас сұрақтары:

1. Неліктен мемлекет кейбір қылмыстар бойынша жауаптылық жасын 14 жасқа дейін төмендеткен? Бұл қоғамды қорғау ма, әлде жасөспірімді жазалау ма?
2. Бүгінгі алған білімдеріңіз күнделікті өмірде достарыңызды немесе өзіңізді қате қадамнан қорғауға қалай көмектеседі?

МҰҒАЛІМГЕ АРНАЛҒАН КІЛТ (Дұрыс жауаптар)

№1 жағдаяттың дұрыс шешімі (Жалған бомба):

Бап: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 273-бабы («Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау»).

Жауаптылық жасы: Бұл бап бойынша жауаптылық **14 жастан** басталады. Демек, 15 жасар Данияр тікелей қылмыстық жауапқа тартылады.

Құқықтық баға: Бұл — әкімшілік бұзушылық емес, ауыр қылмыс. Заңда 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған (кәмелетке толмағандарға көбіне бас бостандығын шектеу қолданылады). Ең бастысы — Даниярдың ата-анасы эвакуацияға кеткен барлық шығындарды (полиция, саперлер, жедел жәрдем) миллиондаған теңге көлемінде өз қалтасынан толық өтейді.

№2 жағдаяттың дұрыс шешімі (Көлікті айдап кету):

Бап: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 200-бабы («Автокөлікті немесе өзге де көлік құралын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иеленіп алу» — айдап кету).

Жауаптылық жасы: Жауаптылық **14 жастан** басталады.

Социологиялық зерттеуді табысты жүргізу үшін зерттеу мәнін дұрыс анықтаудың маңызы зор.

Зерттеу мәні ретінде зерттеуге тұратын объектінің *жақтары,* сондай-ақ әлеуметтік проблеманы, онда жасырынып тұрған қарама- қайшылықтарды барынша толығырақ бейнелейтін *объектінің қасиеттері* алға шығады.

Проблеманы, социологиялық зерттеудің объектісі мен мәнін анықтаумен қатар міндетті рәсімдерге гипотезаны тұжырымдау да жатады. Гипотеза – қандай да бір фактіні, құбылыстар мен прпоцестерді түсіндіру үшін жасалатын ғылыми болжамдар. Ғылыми гипотеза зерттелетін объектіні алдын-ала талдау нәтижесінде тұжырымдалуы мүмкін.

Анықталған зерттеу объектісі сандық жағынан үлкен және зерттеу объектісін құрайтын барлық адамдардың сауалнамасы, күрделілігі, ауқымдылығы, қымбаттығы жағынан тиімсіз болуы мүмкін. Сондықтан соцологтар объектіден зерттелетін жиынтық алынатын «*іріктеу*» операциясын жүргізеді. Бағдарламада бұл операция кейіннен жеке құжатқа бөліне отырып іріктеу жобасының сипаттамасында көрсетіледі.

Басты және репрезентативті іріктеулер бөліп көрсетіледі.

Басты - осы зерттеуге «қажет» , қажетті адамдардың барша жиынтығы. Мысалы, зерттеу өткізілетін қандай да бір мекеме, қала және с.с-лар қызметкерлерінің барлық 100%. Бұлайша қамту шындыққа жанаспайды әрі қымбатқа түседі, сондықтан репрезантативті іріктеуге жүгінуге тура келеді – басты іріктеуге сәйкес келетін өлшемдер бойынша зерттелетін құрамның осы немесе басқа өкілдіктері.

Іріктеуді анықтау – социологиялық зерттеу кезіндегі бірден-бір күрделі сәттердің бірі (жұмыс гипотезасын әзірлеумен қатар), өйткені ол объектінің бүкіл элементінің ерекшеліктері мен ара қатынастарын қатаң көрсетуі тиіс.

Іріктелген жиынтық – берілген ережеге сәйкес қатаң іріктеліп алынған басты жиынтық элементтерінің белгілі – бір саны. Зерттеуге жататын (сауалнама, интервью алу және с.с) іріктелген жиынтықтың элементтері (респонденттер, талданатын құжаттар және с.с) талдау бірлігі болып табылады. Олар жекелеген адамдар да, сол сияқты тұтас топтар да (студенттік), жұмыс ұжымдары да болуы мүмкін. Ең бірінші кезекте барлық топқа тән элементтер іріктеу бірліктері деп аталады. Осы әдісті негізінен механикалық іріктеме деп атайды. Мұндай іріктеме кезінде іріктеу 10, 20, 50 және т.б адам арқылы жүргізілуі мүмкін. Ірітілетіндер арасындағы аралық іріктеу қадамдары (*таңдау қадамдары)* деп аталады.

Іріктеме мақсатты болуы да мүмкін, мұнда зерттеуші адамдарды топты зерттеудің қойылған мақсаттарына орай сауалнама үшін іріктеп алады.

Кездейсоқ іріктеу - халық құрылымының әрбір элементі оған біркелкі ықтималдылықпен қосылуы мүмкін. Әрине, іріктеу көлемі репрезентация қателігіне әсер етеді. Іріктеу шамасы қаншалықты көп болса, ықтимал қателесу соншалықты аз болады. Үлкен іріктеумен сауалнама жүргізу өте қымбатқа түседі, мамандардың дәлелдеуінше, басты жиынтықтың 10%-ін іріктеме жиынтыққа қосу іс жүзінде өзін-өзі ақтаған. Мұндайда респонденттердің (ағылш. Response – жауап) саны 2-2,5 мың адамнан аспауы тиіс. Телефонмен сауалнама жүргізу кезінде миллион тұрғыны бар қалада 300 адамға сауалнама жүргізсе жеткілікті. Шағындау қалаларда іріктеме көлемі 150-200 адам болса да болады.

Басты жиынтықтың сипаттамасынан анық ауытқулардан қашқан жөн. Мұндай жағдайда зерттеу нәтижелері жалған болуы мүмкін.

Социологиялық зерттеу жүргізуде ұғымдық аппараттарды, яғни зерттеу тілін әзірлеудің маңызы зор. Мұндайда маңызыды ерекшеліктер негізгі ұғымдарда түсіндіру рәсімі болып табылады, осы ұғымдар арқылы олар оның мазмұнын сипаттай алатын құрамдас бөліктерге бөлшектенеді.

Ғылыми талдау және теориялық бағалау нәтижелері, әдетте, жинақталады және ғылыми есепте баяндалады. Мұнда алынған зерттеу нәтижелерінің мәніне теория мен практиканы ары қарай дамыту үшін баға беріледі.

Социологиялық зерттеу әдістері.

Социологияның өз саласында әр түрлі тұрғыдан пайдаланылатын сан алуан әдістері бар. Олардың бір бөлігі этнографиядан, статистикадан, психологиядан алынған, көпшілігі социологиялық танымдық іздестіру *құралының* сипатын дарытқан.

Эмпирикалық ақпаратты жинау мынадай әдістер арқылы жүргізіледі: құжаттарды талдау, бақылау, тәжірибе жасау, сауалнама жүргізу (ауызша - интервью, жазбаша –саалнама беру, сараптамалық – құзіретті тұлғаларға сауалнама жүргізу).

Осы әдістердің сипаттамасына қысқаша тоқтала кетейік.

Құжаттарды талдау. Құжат - мәтінді, таспада, дискетте және с.с-да белгіленген ақпаратты беру және сақтау үшін арнайы жасалған зат.

Құжат түрлерінің жіктемесі:

НЕГІЗ	ТҮРЛЕРІ	МЫНАЛАРДАН ТҰРАДЫ
1.Белгілеу тәсілі	Мәтәндік *иконографилық* статистикалық фонетикалық	Өнер, баспа, фото киноқұжаттар, магнитафон, жазбалар, ЦСУ (ОБЖ) жинақтары

2. Мәртебесі (авторлық)	Ресми Бейресми	Қаулы, бұйрықтар, жоспарлар, хаттар, күнделіктер
3.Бірегейлену дәрежесі	Жеке Жеке емес	Өмірбаяндар, сауалнамалар, шағымдар және басқалар; есептер, анықтамалар, мұрағаттар
4. Функциональды	Ақпараттық Реттегіш	Статистикалық есептер, заттама, бұйрықтар, телефонограммалар
5. Мазмұны	Тарихи Құқықтық Экономикалық және басқалары	Оқиғаны сипаттау, оқиғаны бағалау жағдайды белгілеу
6. Ақпаратқа жақындық дәрежесі	Бастапқы қосалқы	Стенограммалар анықтамалар, жинақтаулар

Құжаттарды талдау кезінде ресми құжардың ресми емес құжаттарға қарағанда барынша шынайы; жеке құжаттардың, жеке емес құжаттарға қарағанда сенімді, бастапқының қосалқыға қарағанда сенімді екендігін есте сақталғаны жөн.

Құжаттарды талдау әдістері былайша бөлінеді: дәстүрлі (мұнда: жалпы және арнайы) және қалыпқа келтірілген (мұнда: контент- талдау, жаднама – сұрақнама).

Дәстүрлі талдау ретінде «құжатты белгілі бір тұрғыда айтылған мәліметтерді түсіндіруге бағытталған зерттеушілер әрбір нақты жағдайда қабылдаған барлық ақыл-ой операциялары түсініледі... іс жүзінде бұл құжаттың мазмұнын түсіндірудің, оны талқылаудың өзі».

Қалыпқа келтірілген әдіс - сапалы ақпаратты *сандық* көрсеткіштерге (қанша, уақыттың қандай кезеңіне) аудару, мұнда – *контент-талдау* – мәтіндік ақпаратты (газет, хат), фонетикалық ақпаратты (TV және радио хабарлары) *сандық көрсеткіштерге аудару.*

Мәтін мазмұнына контент-талдау немесе ғылыми талдау пайда болған кезден бастап мәтәндәк газет материалдарын зерттеу үшін пайдаланылады. Қазіргі кезде оның ерекшеліктерінің бірі мынада, ол бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеу кезінде жиі қолданылады. Сонымен бітге ол құжаттарды: есептердің кез келген түрін, жиналыс, конференция, үкіметаралық келіссөздер, келісімдер хаттамаларын және с.с-ды талдау кезінде де қолданылады. Осы әдісті әр түрлі арнайы қызметтер жиі қолданады: ең құпия ақпараттың 80% соның көмегімен алынады.

Мәтін және оның мазмұны - контентт талдаудағы басты нәрселер. Зерттеуші мәтәннәі фактілерімен, оқиғалармен, осы мәтіннің материалдарын іріктеу принциптерін анықтайтын позиция, мүдде, ұстанымдар тұрғысынан анықтайтыннан басқа мәтіеді сөз етіліп отырған қарым –қатынастармен байланысын, негізінен неге ерекше назар аударылғанын, жаңылтпашта не жайында айтылғанын анықтайды.

Контент – талдау рәсімі талдау мәнін анықтаудан (социологиялық зерттеу мақсаттарына сәйкес), мәтіндік ақпараттан талдау санатын – талдаудың мағыналық бірлігін (таудау бірліг – автордың сөзімен, пікімен айтылған мәтіннің бөлігі) анықтаудан тұрады. Содан кейін талдау санатын қолдануды есептеу жүреді. Есептеу бірлігі - мәтінде осы немесе басқа мағыналық бірліктің кездесуі (жиілігі) тұрақтылығы ; ақпарат көлемін белгілеу (мәтінің алаңы, абзацтар, жолдардың саны, эфирдегі уақыты және с.с.). маман жариялау шрифтіне, газет бетіндегі орнына немесе теле және радиожаңалықтардағы орнына, материалға берілетін тональдылыққа және т.б-на назар аударады.

Бақылау – оқиға куәгерінің оқиға өтіп жатқан кездегі оқиғаны тікелей тіркеу әдісі. Ол статистика әлсіз, бастапқы таным пункті ретінде бағдарламаны жасау кезеңінде; индивид пен топтардың сөйлесу, мінез-құлық формаларын зерттеу кезінде қолданылады. Мамандар бақылаудың мынадай түрлерін бөліп көрсетеді: бақылау зерттеушілердің зерттелетін оқиғаға араласпауынсыз жүзеге асырылған кездегі қалыпқа келтірілген және қалыпқа келтірілмеген, қосылған (мысалы, социолог митингтің қатысушысы болады) және қосылмаған. Табиғи ортада, табиғи жағдайда және лабораторияда (мысалы, әлеуметтік – психологиялық тәжірибелерде) жүретін далалық бақылау да кездеседі.

Социологиялық ақпаратты жинаудың ең бір ерекше және қиын игерілетін әдістерін эксперимент жатады. *Эксперимент* - `experimentum деген латын сөзінен шыққан - сынам, тәжірибе) бақыланатын және басқарыланылатын жағдайларда жаңа білім алудың ғылыми әдісі. *Табиғи* (далалық, лабораториялық) және *ойша* (үлгілік) түрлері бөліп көрсетіледі.

Социологияда *табиғи* эксперименттерді пайдалану адамдардан тұратын әлеуметтік зерттеу объектілерінің табиғатымен және зерттеушіден объектіге « зиян келтірмеу» деген моральдық норманы сақтауын талап етумен шектелген. Сондықтан көпшілік табиғи социологиялық эксперименттер шағын топтарда өткізіледі. Және әдетте әлеуметтік - психологиялық экспериментпен көптеген ұқсастықтары болады.

Ойша социологиялық эксперименттер барынша кең таралған, мәні бойын олар статистикалық талдау әдістері қолданылатын әрбір ірі социологиялық зерттеуге қатысады, және әлеуметтік процестерде компьютерде үлгіге келтіру кезінде негізгі болып табылады. Мұндайда барынша тиімдісі объекті өлшемінің бір бөлігі қалыпқа келтірілген, ал басқасы қалыпқа келтірілген және формальді бөлігі диалогтық режимде өзара әрекет

ететін тұжырымдама, сценарийлер, адамның құндылық бағдарлары түрінде ұсынылған үлгілеудің адам – машина жүйесі болып табылады. Үлгілік эксперименттер табиғи әлеуметтік эксперименттің стратегиясын барынша нақты анықтауға мүмкіндік береді, бірақ оны ауыстыра алмайды.

Дәлелдеменің логикалық құрылымы бойынша гипотеза сызықтық және паралельді болып бөлінеді. Сызықтық эксперимент талдауға бір ғана топ тартылуымен ерекшеленеді. Паралельді экспериментте бір мезгілде екі топ қатысады: бақылау және экспериментті.

Осылайша, социологиялық зерттеулердің нақты әдістерін пайдалану зерттеудің жағдайына, орны мен уақытына, мақсаты мен міндетіне, сондай-ақ оның түріне байланысты болады.

Социологиялық сауалнама - социологиялық ақпарат алудың негізгі әдісі.

Сауалнама социологиялық деректерді сұрақ – жауап әдісімен жинауды білдіреді, мұнда ақпарат көзіне адамдардың ауызекі хабарлары жатады жатады.

Сауалнамалар, егер олардың қоғамдық пікірді зерттеудің ғылыми әдісі формасын алған сәтті есептейтін болсақ, ол үш жылдық даму жолынан өтті. XVII ғасырдың ортасында-ақ француз математигі Б. Паскальдің және кейіннен итальян оқымыстысы И. Бернуллидіңі күш салуымен көпшілік сауалнамаларда іріктеу теориясы сүйенетін үлкен сандар және ықтимал есептеулер заңы тұжырымдалды.

1660 жылы қос ағылшын Дис. Граунт пен У. Петидің ынтымақтасуымен жаңа зерттеу саласын құру аяқталды, олар оны « саяси арифметика» деп аталады, кейіннен ол « статистика» және «социология» деп аталады.

Қазіргі кезде бұл әдіс бастапқы ақпаратты жинаудың барынша кең таралған әдісі, яғни «алғашқы қолдан алынған» ақпарат әдісі болып отыр. Осы әдісті қолдану өнері нені сұрауды, қалай сұрауды, сұрақты қалайша қоюды және алынған жауапқа сенуге болатынына қалайша көз жеткізуге болатынын білуден тұрады. Мәселе осындай әдіспен респонденттерден алынған ақпараттың зерттелетін ақиқатты тек олардың санасында «ұйғарылған» түрде ғана көрсететінінде болып отыр. Сондықтан зерттеу мәні болып табылатын объективті ақиқат пен адамдардың мінез-құлықтары, оқиғалар мен құбылыстар туралы фактілері туралы пікірлерін көрсететін деректер арасында теңдік белгісін қоюға болмайды. Бұдан әлеуметтік тәжірибенің адамдар санасында әр түрлі жағы бейнелену процесінің ерекшелігіне байланысты сауалнама әдісі арқылы алынған ақпараттың бұрмалануы мумкін екендігін әрқашан ескеру керек екендігі аңғарылады.

Сауалнама нұсқалары (байланысу формалары бойынша):

1. Жеке немесе жанама түрде (таралатын, почталық, телефон, баспасөз арқылы).
2. Жеке немесе топтық.
3. Еркін немесе қалыпқа келтірілген, шоғырландырылған (бағытталған).
4. Ауызша немесе жазбаша.

5. Тұтас немесе іріктеме.

6. Тұрғылықты жері немесе жұмысы бойынша, уақытша мақсатты аудитория.

Сұрақтарды жіктеу

Мазмұны бойынша	Формасы бойынша	Құрылымы бойынша	Функциясы бойынша
Оқиғалар туралы	Тікелей	Ашық	Негізгі
Сарыны туралы	жанама	Жабық	Байланыс
Бағалау туралы		Жартылай жабық	Бақылау
Пікірлер туралы			сүзгіш

Бақылағыш сұрақ қоюға да болады (тапсырма: негізгі сұрақтарға берілген жауаптардың дұрыстығын тексеру, бақылау сұрақтарының арасында 3-4 аралық сұрақ тұруы мүмкін): Сіз өз жұмысыңызға қаншалықты дәрежеде қанағаттанасыз? Сіз басқа жұмысқа ауысуды қалар ма едіңіз? (бақылау).

Мынадай да түрі кездеседі: сұрақ-қақпан (тапсырма: респонденттер жауаптарының шынайылығын, дұрыстығын тексеру): Сізге Ф. Косттың «Өркениеттің опат болуы» кітабы ұнады ма? (авторы, атауы ойдан шығарылған).

Зерттеу бағдарламасында тұжырымдалған сұрақтар таратылуы бастапқы социологиялық ақпаратты, анкетаны алуға мүмкіндік беретін арнайы құжатқа салынады.

Анкетаның композициясы.

Анкета (enquete деген француз сөзінен шыққан - зерттеу) – өзіндік ерекшелігі бойынша респондентпен әңгімелесу сценарийі, бұл осы әңгіменің тікелей (интервью) немесе сырттай (анкета тарату) болуына байланыссыз болады.

Анкета үш бөлімнен тұрады: кіріспе бөлім, негізгі (мазмұнды бөлім) бөлім және әлеуметтік – демографиялық бөлім.

Кіріспе, әдетте, респондентке қысқаша хабарласудан тұрады; «Сіздің сауалнамаға қатысуыңызды өтінеміз. Сізге сұрақты оқып шығып, өзіңіздің пікірлеріңізге сәйкес келетін жауаптың реттік номерін шеңбермен қоршауыңыз немесе өз жауабыңызды бос жолға жазуыңызға қажет. Нәтижелер компьютерде өңделеді, сондықтан анкетада фамилияны көрсетудің қажеті жоқ. Сұрақтардың бірде-біреуін жауапсыз қалдырмауыңызды сұраймыз. Қатысқаныңыз үшін алғыс айтамыз».

Кіріспе бөлімде сондай-ақ мынадай әңгімені бастайтын, оған әңгімелесуші респондентті жетелейтін «жетелегіш» - сұрақтар да орналасады. Олардың міндеті – респондентті қызықтыру, талқыланатын проблемаға енгізу.

Барынша күрделірек, талдауды, ойлануды, жадын жаңғыртуды талап ететін сұрақтар анкетаның ортасына орналастырылады (*негізгі бөлім).* Мұнда әрбір сұрақтың сапасын мұқият талдау қажет:

а) не туралы сұрауды;

ә) неліктен тап осыны;

б) қандай формада;

Әрбір сұрақ бойынша мынаны ескеру керек: сұрақ зерттеу тақырыбына «жұмыс істей ме?». Сұрақ сауал қойылып отырған адамға зерттеуші көздегендей мағынада ұғыныла ма? Сұрақ «төтеннен» болып табылмай ма? Оң және теріс позициялары тепе-теңдігі сақталған ба? Сұралатын адамға теріс эмоция тудырмай ма? (Өзіндік сезіміне әсер етеді, интимдік жақтарына кіреді, әр түрлі қауіптену сезімін тудырады т.б.)

Сондай-ақ сұрақтарды орналастыру принциптерінің сақталуына да назар аударылады (байланысы, күрделі, қарапайым, салмақ түсіретін). Бір сарындылық сезімін шақыратын біркелкі сұрақтар жинақталып қалған жоқ па? Анкетаның көлемі респондент пікірін айта алатындай және жалықпайтындай болуы керек, тәжірибе көрсеткендей ең оңтайлы жұмыс мерзім 20-30 мин болады.

Анкетаның үшінші бөлімі әлеуметтік демографиялық («паспортичка»). Бұл сұралатын адамның объективті жағдайы мен мәртебесі туралы сұрақтар блогы. Мұндай мынадай сұрақтар қойылады:

11. Сіздің жынысыныз:

11.1. Ер 11.2. Әйел

12. Сіздің жасыныз:

12.1. 18 жасқа дейін 12.2. 21 жасқа дейін және т.б.

13. Сіздің біліміңіз:

13.1. Орташа 13.2. Жоғары 13.3. Жартылай жоғары

14. Сіздің кәсібіңіз: (осындай схемада респонденттердің ықтимал кәсібі аталады).

Қорытындыда жұмысқа (анкетаға) қатысқаны үшін тағы да алғыс айту қабылданған.

Анкета жүргізу – кең тараған социологиялық әдістің бірі, бұл - сауалнаманың *жазбаша* түрі. Социологиялық тәжірибеде *ауызша* сауалнама түрі – *интервью* қолданылады.

Социологиялық зерттеудегі интервью.

Интервью (ағылш. Interview – әңгімелесу) – *респондентпен тікелей диалог арқылы* ақпарат алу әдісі, мұның мақсаты социологиялық зерттеу бағдарламасында көзделген сұрақтарға жауап алу болып табылады.

1. Қалыпқа түспеген интервью – белгілі-бір тақырыпта еркін диалог, мұнда сұрақтар (ашық) сөйлесу контексінде құрылады және жауаптарды

белгілеу формасы стандартталмаған. Ең алдымен, бұл жалпы бағдарлама бойынша сұрақтарды қатаң жіктемеген әңгімелесу. Мұндай әңгімелесулер ұзағырақ (3 сағатқа дейін), зондажды, тексеру ретінде пайдалынылады.

2. Жартылай қалыпта интервью – диалог барысында тақырып бойынша бұрын әзірленген және қосымша сұрақтар қойылады. Мұндай түрдегі интервью зерттелетін ақиқаттың құрылымына тереңірек бойлауы, зерттелетін топтардың сипаттамаларындағы ұсақ айырмашылықтарды анықтау мүмкін.

3. Қалыпқа түсірілген интервью – сұрақтар « жабық» сұрақтар (анкета – интервью) карточкасын пайдалына отырып, сұрақтарды қоюдың құрылымдары мен тәртібін өзгертуге жол берілместен бұрын дайындалған сұрақтамалар бойынша қойылады.

Өткізілу рәсімі бойынша интервью мыналарға бөлінеді:

а) бір ғана респондентпен бір ғана мәселе бойынша белгілі бір уақыт аралығында панельдік – көп сатылы интервью алу. Мақсат – проблеменың даму динамикасын зерттеу;

ә) топтық;

б) бағытталмаған.

Зерттеуші мен респондент арасындағы сұқпаттасу тәсілі бойынша интервью нақты – « бетпе-бет» және жасырын - телефондық (10-15 мин) сөйлесуге бөлінеді.

Интервьюдегі сұрақтарды тұжырымдау ережесі, сабақтастығы жай және күрделі, негізгі және бақылау сұрақтары іс жүзінде анкетадағы сауалнама мен бірдей деседе болады, бірақ сонымен қатар интервью ақуалды ескере отырып, негізгі сұрақты дамытуда белседі пайданылады, арандатпа сұрақтарға жол береді (мысалы, жауаптың шынайылығына немесе оның толықтығына күмән келтіру), сұралатын адамның тұжырымдалуын нақтылауға мүмкіндік береді, интервьюер жауаптың анықтылығына қол жеткізе отырып қайталап сұрайды (мысалы, «Неліктен сіз дәл осылай ойлайсыз? Сіз мұндай тұжырымға қалайша келдіңіз? және с.с). Интервьюдің барысында қажет болған жағдайда тікелей және жанама сұрақтарды қоя отырып респонденттің жадын жаңғыртуға, өткенін есіне түсіруіне жағдай жасауға болады.

Мамандар интервью мен анкета тарату арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді, бұл айырмашылық алынатын мәліметтердің тереңінде жатыр. Социолог анкетаның көмегімен, ең алдымен, пікірлердің тек беткі жағын алады, сонымен бірге интервью терең сарындар мен пікірлерді зерттеуге мүмкіндік береді. Анкеталық сауалнама кезінде іріктеудің қомақты көлемін пайдалануға болады және анкеталық сауалнама істің техникалық жағынан алғанда едәуір қарапайым болып келеді.

Интервьюдің мынадай өзіне тән ерекшеліктері бар:

1. Респонденттің психологиялық реакциясын бақылауға мүмкіндік береді.

2. Интервьюердің респондентпен жеке қарым-қатынасы сұрақтаманың барынша іске асуын қамтамасыз етеді.

3. Жеке қарым-қатынас сауалнамаға барынша байсалдырақ қарауды қамтамасыз етеді, алайда мынадай қиындықтарда кездеседі:

а) әрбір респондентпен психологиялық байланысты іздестіру;

ә) едәуір материалдық және уақыт шығындары;

б) интервьюерлерді дайындаудың еңбек сиымдылығы;

в) аномделік проблемасын шешу.

Топтастырылған анкетамен жұмыс істеу математикалық статисканың көмегімен жүргізіледі. Зерттеудің жалпы логикасы статистикалық деректерді (процент, орташа арифметикалық және с.с) социологиялық деректерге (социологтың ғылыми эродициясына қарай түсіндіру арқылы) айналдырудан тұрады. Есептеулер нәтижесі социологиялық деректерден тұратын табуляграмм түрінде алынады.

Содан кейін социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша есеп жасалады, ол ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстардан тұрады. Есептің бірінші бөлігінде, әдетте, зерттеу үшін таңдалып алынған проблемелар негізделеді, іріктемеге, ақпараттың жинау әдісіне, зерттеуге қатысушылардың санына сипаттама беріледі. Екінші бөлігінде зерттеу объектісі әлеуметтік – демографиялық белгілері (жынысы, жасы, білімі және басқалары) бойынша сипатталады. Есептің келесі бөлігі бағдарламада шығарылған гипотезалардың жауаптарын іздестіруге арналған. Есепке бағдарламадан, жоспардан, анкетадан немесе интервью бланкіден компьютерлік кестелерден, графикалардан және с.с-дан тұратын қосымша беріледі.

Сөйтіп, социологиялық зерттеу жүргізуді ұйымдастыру зерттеудің мақсатына жету – осы зерттеу мәніне қатысты жаңа білім алу үшін жүзеге асырылатын негізделген іс –шаралар кешеннен тұра.

№11 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Талдау кезеңі: деректерді өңдеу және сараптамалық анықтаманы рәсімдеу

Оқу мақсаты: Нәтижелерді қолданыстағы заңнамамен салыстыра отырып, ақпаратты жүйелейді және қорытындыларды бекітеді.

Сабақ мақсаты: Оқушылар зерттеу нәтижелерін өңдейді, алынған мәліметтерді қолданыстағы заңнамамен салыстыра алады және сараптамалық анықтама дайындай алады.

Ресурстар:

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті

<table>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Оқушылармен амандасады,түгендейді.
1тапсырма «Заң бұзылды ма?»
Оқушыларға 2-3 өмірлік жағдаят ұсынылады.
Мысалы:
1. Әлеуметтік желіде адамның суретін рұқсатсыз жариялау.
2. Оқушының жеке мәліметтерін үшінші тұлғаға тарату.
3. Кибербуллинг жағдайы.
Сұрақ:
«Бұл жағдайда қандай құқық бұзылып тұр деп ойлайсыңдар?»
Оқушылар өз болжамдарын айтады.
Мұғалім сабақтың мақсатына көшеді:
«Бүгін біз зерттеу нәтижелерін заң талаптарымен салыстырып, қорытынды жасауды үйренеміз».</td><td>Мұғалім мен амандасады, сабаққа құралдарын дайындайды. Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Сабақтың ортасы</td><td>Мұғалім оқушыларды топқа бөледі тапсырма береді.
2 тапсырма «Деректер зертханасы»
Оқушыларға алдын ала жүргізілген сауалнама нәтижелері беріледі
:
<table>
<tr><th>Сұрақ</th><th>Иә</th><th>Жоқ</th></tr>
<tr><td>Өз құқықтарыңды білесің бе?</td><td>75%</td><td>25%</td></tr>
<tr><td>Балалар өқоығы туралы Қазақстанның заңдарын білесің ба?</td><td>20%</td><td>67%</td></tr>
</table>
Кестені пайдаланып
Негізгі тенденцияларды анықтаныз,диаграмма құрыныз.</td><td>Оқушылар сауалнама нәтижелерімен жұмыс жасайды. Негізгі тенденцияларды анықтап диаграмма құрастырады.</td></tr>
<tr><td>Мұғалім оқушыларды жұпқа бөледі.3 тапсырма «Заңгерлер кеңесі»
Әр жұпқа заңнамадан үзінді беріледі.
Мысалы:</td><td>Оқушылар жұпқа бөлініп берілген заңнамалар</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td rowspan="2"></td><td>ҚР Конституциясы;
«Баланың құқықтары туралы» Заң;
«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заң.
Зерттеу нәтижелерін заң талаптарымен салыстырыныз және .
Кесте толтырыныз:
<table>
<tr><td>заң</td><td>Заң нормасы</td><td>Зерттеу нәтижесі</td><td>Сәкес келеме?</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>үлгісімен танысып, заң талаптарымен салыстырады, кесте толтырады.</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>Мүғалім оқушыларды топқа бөліп тапсырма береді.4 тапсырма «Сарапшы қорытындысы» Сараптамалық анықтама әзірлеу жасаныз.
Құрылымында болу керек:
1. Зерттеу тақырыбы
2. Негізгі нәтижелер
3. Заңнамамен салыстыру
4. Қорытынды
5. Ұсыныстар
Рефлексия «PRESS формуласы»-
Менің ойымша...
Себебі...
Оны мен мына фактілермен дәлелдеймін...
Сондықтан менің қорытындым...</td><td>Топтар тапсырманы орындап бір бірімен бөліседі. Сабаққа «PRESS формуласы» әдісімен кері байланыс береді</td></tr>
</table>

Сабақ соңындағы күтілетін нәтиже

Оқушылар:

✓ зерттеу нәтижелерін өңдейді;

✓ ақпаратты жүйелейді;

✓ заңнамамен салыстырады;

✓ дәлелді қорытынды жасайды;

✓ сараптамалық анықтама рәсімдейді.

№12 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Практикалық бағытталған кезең: ұсынымдар әзірлеу және жұмысты рәсімдеу

Оқу мақсаты: Зерттеуді рәсімдеу барысында мәселені шешудің құқықтық жолдарын (алгоритмдер, жадынамалар) ұсынады.

Сабақ мақсаты: Оқушылар зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып құқықтық мәселені шешуге арналған ұсынымдар әзірлейді, алгоритм немесе жадынама құрастырады және зерттеу жұмысын рәсімдейді.

Ресурстар:

Сабақтың құрылымдық жоспары

<table>
<tr><th>Сабақ кезеңдері</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Білім алушылардың әрекеті</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Оқушылармен амандасады,түгендейді
1-тапсырма. «Заңға сәйкес ұсыным әзірле»
Берілген зерттеу нәтижелерін талдап, заң талаптары мен мектеп тәртібіне сәйкес ұсынымдар жазыңыз.
<table>
<tr><th>Зерттеу нәтижесі</th><th>Ұсыным</th></tr>
<tr><td>Оқушылардың 45 % мектеп формасы талабын орындамайды</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқушылардың бір бөлігі сабаққа кешігеді</td><td></td></tr>
<tr><td>Мектеп оқушылар чаттарында әдепсіз сөздер қолдану жағдайлары кездеседі</td><td></td></tr>
</table>
Мұғалім сабақ мақсатымен таныстырады.</td><td>Мұғаліммен амандасады, сабаққа құралдарын дайындайды. Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</td></tr>
</table>

Сабақтың ортасы	**Мұғалім оқушыларға зерттеу нәтижесін ұсынады** **2-тапсырма. «Құқықтық сарапшы»** Зерттеу нәтижесі: «Оқушылардың көпшілігі интернет қауіпсіздігі ережелерін толық білмейді». Тапсырма: 1. Мәселені анықтаңыз. 2. Қандай құқықтық немесе қауіпсіздік талаптары бұзылуы мүмкін екенін көрсетіңіз. 3. Мектеп әкімшілігіне және оқушыларға арналған 3 ұсыным әзірлеңіз. **Ұсыным мысалы:** • Цифрлық қауіпсіздік бойынша түсіндіру сағаттарын өткізу. • Жеке деректерді қорғау туралы жадынама әзірлеу. • Әлеуметтік желіні қауіпсіз пайдалану бойынша тренинг ұйымдастыру.	Оқушылар тапсырманы орындайды
Сабақтың соңы	**3-тапсырма. «Эксперт»** Мұғалім оқушылар жасап келген зерттеу жұмыстарымен ауысыуын сұрайды. Оқушылар тексеру критерийлері бойынша зерттеу жұмысын тексереді: - Тақырып дұрыс жазылған - Бөлімдер сақталған - Қорытынды берілген - Ұсынымдар көрсетілген -Әдебиеттер тізімі рәсімделген **Кері байланыс**:Оқушылар сөйлемді аяқтайды: **F** – Мен анықтадым... **O** – Менің ойымша... **R** – Себебі... **M** – Мысалы... **U** – Ұсынысым...	Бір-бірінің зерттеу жобасымен ауысып тексеру парақпен тексереді. Кері байланысты оқушылар FORMULA әдісімен береді.

	L – Нәтижесінде... **A** – Сондықтан...	

Сабақ соңындағы күтілетін нәтиже

Оқушылар:

✓ зерттеу нәтижелерін өңдейді;

✓ ақпаратты жүйелейді;

✓ заңнамамен салыстырады;

✓ дәлелді қорытынды жасайды;

✓ сараптамалық анықтама рәсімдейді.

№13 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Зерттеу жұмыстарын таныстыру (презентациялау)

Оқу мақсаты:. Пікірталас жүргізу және аудитория сұрақтарына жауап беру дағдыларын көрсете отырып, зерттеудің негізгі ережелерін қорғайды.

Сабақ мақсаты:. -зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерін көпшілік алдында таныстырады; өз жобасын дәлелдер арқылы қорғайды;- аудитория сұрақтарына сауатты жауап береді;-пікірталас мәдениетін сақтайды;

-зерттеу жұмысын қорғау барысында академиялық адалдық қағидаларын ұстанады.

Ресурстар: постерлер, стикерлер

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасады,түгендейді, психологиялық ахуал тұғызады.	Мұғаліммен амандасады, сабаққа құралдарын дайындайды. Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Мұғалім сабақ мақсатымен таныстырады. «Сәтті қорғаудың құпиясы» әдісі
Мұғалім оқушыларға сұрақтар қяды:
• Жақсы баяндамашының қандай қасиеттері болуы керек?
• Зерттеу жұмысын қорғауда нені ескеру қажет?
• Сұрақтарға жауап беру кезінде қандай ережелерді сақтау керек?
Мұғалім оқушылармен бірге қорғаудың негізгі қағидаларын анықтайды:
✓ Нақты сөйлеу
✓ Дәлел келтіру
✓ Уақытты сақтау
✓ Қарсы пікірге құрмет көрсету
✓ Академиялық адалдық сақтау
https://youtu.be/UHusLUagug0?si=IbLX3CXPz_Kq4ynk пайдаланса болады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>Мұғалімнің түсіндірмесі:
Зерттеу жұмысын қорғау құрылымы:
1. Зерттеу тақырыбы
2. Зерттеу мақсаты
3. Зерттеу сұрағы
4. Қолданылған әдістер
5. Негізгі нәтижелер
6. Қорытынды
7. Ұсынымдар
. Қорғау алгоритмі
1-қадам: Зерттеу мәселесімен таныстыру.
2-қадам: Зерттеу мақсатын түсіндіріп айту.
3-қадам:Зерттеу нәтижесін дәйек пен дәлелдерді ұсыну.
4-қадам: Қорытынды жасау.
5-қадам: Ұсынымдар беру.</td>
<td>Оқушылар тапсырманы орындайды
Бағалау парағына бір бірін бағалау ұсынылады:
<table>
<tr><th>критерийлер</th><th>балл</th></tr>
<tr><td>Зерттеу мақсатын нақты біледі,түсіндіреді</td><td>1</td></tr>
<tr><td>Зерттеу нәтижесін дәйек-дәлелдерін</td><td>1</td></tr>
</table></td>
</tr>
</table>

	6-қадам: Аудитория сұрақтарына жауап беру. **1 тапсырма «3 минуттық қорғау»** Оқушылар өз зерттеу жұмыстарын 3 минут ішінде таныстырады. Қорғау барысында: • зерттеу мақсатын атайды; • негізгі нәтижелерді көрсетеді; • қорытынды жасайды; • ұсыныстарын ұсынады. Қорғап болғаннан кейін мұғалім сұрақтар қояды.Мысал сұрақтар: • Бұл зерттеудің қоғамға қандай пайдасы және әсері бар? • Ұсыныстарыңызды мектеп жағдайында жүзеге асыруға бола ма? • Зерттеу барысында қандай қиындықтарға кезіктіңіз? • Ұсыныстарыңыз заң талаптарына сәйкес келе ме?		<table><tr><td>көрсетіп түсіндірді</td><td></td></tr><tr><td>Қорытынды жасады</td><td>1</td></tr><tr><td>Зерттеу ұсынымұсынды</td><td>1</td></tr><tr><td>Сөйлеу мәдениеті</td><td>1</td></tr></table> 1 Ооқушылар сұрақтарға жауап береді,өз тәжірибесімен бөліседі.1 1
Сабақтың соңы	**Рефлексия** **«Бағдаршам» әдісі** Оқушыларға сөйлемді жалғастыру ұсынылады: – Зерттеу жобамды сенімді қорғай аламын..... – Сұрақтарға жауап беруде әлі де жаттығуым қажет..... – жобамды қорғау барысындағы қиындықтарым.....		Сабақтың соңында «Бағдаршам» әдісі бойынша оқушыларға сөйлемді жалғастыру қсынылады.

Мұғалімге әдістемелік ұсыныс

Зерттеу жұмыстарын қорғау кезінде оқушылардың сөйлеу мәдениетіне, дәлел келтіру дағдыларына және пікірталас этикасына ерекше назар аударыңыз. Сұрақ қою мен жауап беру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына, мектептің ішкі тәртіп ережелеріне және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес әрекет ету қажеттігін ескертіңіз.

Дескрипторлар

Оқушы:

-зерттеу жұмысын құрылым бойынша таныстырады;

-пікірін дәлелдер арқылы қорғайды;
-аудитория сұрақтарына толық жауап береді;
-пікірталас мәдениетін сақтайды;
-академиялық адалдық қағидаларын ұстанады;
-Заң мен Тәртіп талаптарына сәйкес ұсыныстар береді.

IV. «Жобалық практикум және дебаттар» бөлімі

№14 сабақ

Сабақтың тақырыбы: «Жоғары сынып оқушысының құқықтық навигаторы» жобасын құрастыру

Оқу мақсаты:. Жобаның идеясы мен форматын анықтайды (буклет, чат-бот, посттар).

Сабақ мақсаты:. - Оқушылар құқықтық мәселелер бойынша ақпараттық өнімнің қажеттілігін анықтай алады;-«Жоғары сынып оқушысының құқықтық навигаторы» жобасының идеясын және ұсыну форматын таңдай алады ,ұсына алады.

Ресурстар: үлестірмелі материал

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Мұғалім оқушылармен амандасады, түгендейді, сабақтың мақсатымен таныстырады. **1 тапсырма** Оқушыларға жағдаяттар ұсынады: ✓ Оқушы әлеуметтік желіде кибербулингке ұшырады. ✓ Жасөспірімнің жеке деректері рұқсатсыз жарияланды. ✓ Оқушы еңбек шартынсыз жұмысқа қабылданды.	

	Сұрақтар: 1. Кибербулингке ұшыраған жағдайда оқушы қайда жүгінуі керек? 2. Жеке деректер рұқсатсыз жарияланса қайда шағымдану керек? 3. Оқушымен еңбек шарты жасала ма? Мұғалім оқушыларға құқықтық ақпаратты жылдам табуға көмектесетін «Құқықтық навигатордың» маңыздылығы түсіндіріледі.	
Сабақтың ортасы	Мұғалім оқушыларды топқа бөліп тапсырманы түсіндіреді. **2 Тапсырма «Мәселені анықта».** Әр топ жоғары сынып оқушылары жиі кездесетін құқықтық мәселелердің тізімін құрастырады.(кемінде 4-5). Басқа топтардың тізімдерімен танысып, ұқсас мәселелерді анықтаныз. Мұғалім анықталған құқықтық мәселелер тізіміне жоба ретінде формат таңдауды үш оқушы бірігіп жұмыс жасауды ұсына алады. **3 Тапсырма. «Жоба форматын таңда»** Әр үштікке үш формат ұсынылады:чат бот, буклет және әлеуметтік желідегі пост. Берілген форматтарда таңдап чат бот пен буклет жасау, әлеуметтік желіде пост құрастыру ұсынылады.	Оқушылар топқа бөлініп құқықтық мәселелерді талқылап тізім жасайды. Басқа топтармен тізімдерімен танысып, ұқсас мәселелерді анықтайды. Оқушылар күнделікті қмірінде кездесетін құқықтық мәселе ретінде мысал келтіруі мүмкін : ✓ Кибербуллинг; ✓ Бопсалау; ✓ Жеке деректерді қорғау; ✓ Жасөспірімдердің еңбек құқықтары; ✓ Білім алу құқығы; ✓ Әкімшілік жауапкершілік; ✓ Онлайн қауіпсіздік. анықталған құқықтық мәселелер тізімін жасағаннан кейін оқушылар үштікке бөлініп жоба форматын (чат-бот,буклет, әдеуметтік желідегі пост) таңдап жұмыс жасайды.

	Мұғалім Жоба форматының талаптарымен таныстырады. • **Буклет үшін:** -Тақырыбы; -Негізгі бөлімдері; -Байланыс орталықтары; -Пайдалы кеңестер. **Чат-бот** -Пайдаланушы сұрақтары; -Батырмалар; -Жауап беру алгоритмі. **Посттар сериясы** -3–5 пост тақырыбы; -Хэштегтер; -Қысқа құқықтық кеңестер. Мұғалім оқушыларға жасалған жобасын бизнес жоба ретінде инвесторға сатуды ұсынады, **4 Тапсырма «Инвестор алдында қорғау»** Әр үштік өз жобасын 2 минут ішінде қорғайды. Тыңдаушылар келесі критерийлер бойынша бағалайды: 1.Өзектілігі; 2.Практикалық пайдасы; 3.Қолжетімділігі; 4.Шығармашылығы.	
Сабақтың соңы	Мұғалім тақтадағы **«Жоба чемоданы» әдісі** бойынша сына кері байланыс беруді ұсынады: Оқушылар стикерлерге жауап жазады:	

	Чемоданға саламын – бүгін үйренген пайдалы білімім немесе дағдым. **Қалдырамын** – қажетсіз немесе қате түсінігім. **Әлі де толықтырғым келеді** – келесі сабақта білгім келетін нәрсе.	

№15 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Жоба контентін құрастыру

Оқу мақсаты:. ЖИ қолдана және құқықтық нормаларды сақтай отырып, жобаның контентін құрастырады.

Сабақ мақсаты:. - Оқушылар ЖИ құралдарын тиімді пайдалана отырып, құқықтық талаптарды сақтап, өз жобаларына арналған сапалы контент әзірлей алады.

Ресурстар: үлестірмелі материал

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Мұғалім оқушылармен амандасады. Сабаққа назарын шоғырландыру кезеңінде сабақ мақсатымен таныстырып өтеді. **«Миға шабуыл» ретінде** оқушыларға сұрақ қояды: контент дегеніміз не? Мұғалім мәтін ұсынады **1 тапсырма «Мәтінмен жұмыс» .** Мәтінді оқып білмеген ақпаратты сызып қойыныз	Оқушылар амандасады, сабаққа дайындалады.. ұсынылған мәтінмен танысып білмеген ақпаратты мәтінде сызып қояды..
Сабақтың ортасы	**2 тапсырма «ЖИ дизайнер»** Мұғалім жобаға арналған визуалды контент әзірлеу мақсатында оқушылар білетін,	Оқушылар жобаға арналған визуалды контент әзірлейді. Топтар бір-бірінің ЖИ көмегімен жасаған контентерімен

	қолданып жүрген ЖИ құралдар (Canva AI, Copilot Designer немесе басқа құралдар) арқылы жобасы тақырыбына сәйкес постер немесе иллюстрация жасауды ұсынады. Мысалы: *«Қауіпсіз интернет» тақырыбы бойынша сурет генерациялауға арналған сұраныс дайында.* Дайын болған жұмыстарды саралаудан өткізеді. Мұғалім топқа бөліп ЖИ көмегімен жасалған өнім дайындауды ұсына алады: • 1 ақпараттық пост; • 1 визуалды материал; • 1 инфографикаі; • 5 чат-бот сұрағы мен жауабын әзірлеп, дайын өнім ретінде қорғата алады. **3 тапсырма «Сараптама жасау»** Топтар бір-бірінің ЖИ көмегімен жасаған контентерімен танысып тексеруді жүргізеді. **Тексеру парағы:** ✓ Дереккөз көрсетілген ✓ Авторлық құқық сақталған ✓ Жалған ақпарат жоқ ✓ Жеке деректер жарияланбаған мұғалім сараптама жұмысын қортындылайды	танысып тексеруді жүргізеді
Сабақтың соңы	Рефлексия Мұғалім оқушыларға кері байланыс ретінде **«ЖИ ға хат»** жазуды ұсынады. «ЖИ сенің көмегімен мен сабақта келесі дағдыларға үйрендім.....Мен үшін пайдалы болды..... Мен	Оқушылар кері байланысты ЖИ ға хат түрінде береді.

	білмеген ЖИ құралдарымен бүгін таныстым. ..... »	

Қосымша №1

Мәтіндік жұмысқа арналған

САПАЛЫ КОНТЕНТ ДЕГЕН НЕ?

Қазіргі таңда сапалы контентті құруға аз уақыт кетпейді. Оның үстіне ғаламтордың үлесі артып тұрған заманда кез-келген ақпаратыңыздың өзі санаулы секундтардан кейін ескіріп қалуы ғажап емес. Жалпы ғаламтор сайттарын немесе бейнероликке арналған парақшалардың шығу маңызы осы пайдада жатыр. Басым көпшілігі өз кәсібі жайлы немесе блогерлердің арналары сияқты маңызы зор бағытты таңдайды. Егерде сіздің ұсыныстарыңыз халыққа қызық болса, өзіңіздің аудиторияңыз уақыт санап артқанын байқайсыз. XXI ғасырдың адамдарын не қызықтыра алады?

Сіз де басқалар сияқты өз сайтыңызға көшірме жаңалықтарды енгізгіңіз келмейді. Бұнымен қоймай жаңа идеяны табуға да аз уақыт кетпейтіні анық. Алайда қатып қалған қағида жоқ. Егер сіз әлдекімнің контентін пайдаланғыңыз келсе оны тура көшірудің қажеті шамалы. Бірақ оған өз жағыңыздан жаңа дем беріңіз. Мүлде басқаша қылыңыз. Осылайша басқаның идеясын сіз креативті оймен сәндей келе, мүлде басқа дүниеге айналдырасыз.

Қазірі сайттардың бұрынғыдан ерекшелігі өте көп. Мәселен, көп сөздің орнын сапалы суреттер мен видеолар басты. Ұзын-сонар сөздерді ұсынғаннан барлығы жалығады. Орнына сапалы әрі айтқыңыз келіп тұрған ойды нақ суреттейтін суретті қолданған жөн. Егер сіз суретті дұрыс таңдамайтын болсаңыз, кәсіби фотографтардың көмегіне жүгінсеңіз жетіп жатыр. Ендігі кезекте әлеуметтік желінің көмегін пайдаланыңыз. Себебі оның қосар үлесі өте көп. Қай әлеуметтік желіде белсендісіз? Нақты сол бағдарламаны жоғары деңгейде қолданыңыз. Бұл сіздің сайтыңызға пайдасын әкелмесе зиянын тигізбейді.

Өз сайтыңызға белгілі бір тақырыпты орналастырғаннан кейін аудиториямен кері байланыс орната біліңіз. Бұл әртүрлі тақырып болуы мүмкін. Бәлкім сіз өз сайтыңызда жұмыртқаны әзірлеу құпиясы немесе тоқымадан керемет сыйлықтарды жасау сықылды ақпарат жариялайсыз. Және міндетті түрде соңында "Ал енді сіздің кезегіңіз! Жасап көріңіз де маған жіберіңіз" деген сияқты қосымшаны қалдырсаңыз болады. Бұнымен қоса әр материялдың астында тұтынушылардың пікірі жазылатын орын қалдырыңыз. Оның ешқандай әбестігі жоқ. Бәлкім біреуі мақтап ұнатар немесе өз ойларын ортаға салып, ұсыныстар жасауы мүмкін.

Соңғы кеңес өзіңіздің бағытыңыз жайлы болмақ. Сіз балалар тауарын өндіру саласында немесе той көйлектерін тігу, сапалы сурет түсіру сияқты аумақтың маманы боларсыз. Бұл тұрғыда өзіңіз сүйетін нәрсенің ең актуалды кеңестері мен үлгілерін ұсына білу қажет. Кез-келген тақырыпты санмен байланыстырңыз. Бұл сайт қонақтарына сөзсіз ұнайды. Мәселен, " Мен осы айда табиғат аясында 20 сурет түсіргім келеді" Тұтынушылар олардың барлығын күтетін болады. Ал сіздің пайдаңыз мыңдаған адамға тиетін жанға айналаңыз. Бұның соңы керемет пайда көзіне алып келетінін ұмытпаңыз!

Дамир АМАНГЕЛДІ

https://old.aqmeshit-zhastary.kz/zanalyk/6126-capaly-kontent-degen-ne.html

№16 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Презентация және рефлексия: критерийлер бойынша жобаларды бағалау

Оқу мақсаты:. Жобалық жұмыстар бойынша SWOT-сараптама жасайды.

Сабақ мақсаты:. - Оқушылар жобалық жұмыстарына SWOT-сараптама арқылы сараптау жасай алады;

Ресурстар:

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Мұғалім оқушылармен амандасады. Оқушыларға сұрақ қояды: Егер сіз жобалар байқауының сарапшысы болған жағдайда қай жобаны үздік деп таныр едіңіз? Сабақтың мақсатымен таныстырып мұғалім жобаны қаншалықты сапалы жасағанын білу үшін SWOT-сараптама жасауды ұсынады.	Оқушылар амандасады, сабақтың мақсатымен танысып сұраққа жауап береді. Жауаптар бергенде бағалау критерийлердің қажеттігін түсінеді.
Сабақтың ортасы	**1 тапсырма** **Практикалық жұмыс «SWOT зертханасы»**	Оқушылар топта берілген жобаны талқылап күшті, әлсіәз жағын анықтайды. Жобанын мүмкіндіктері мен

	Мұғалім алдыңғы сабақта жасалған жобаларды топтарға бөліп береді. Әр топ берілген жобасына SWOT-талдау жүргізеді. Мысалы. **Күшті жағы:** • Ақпарат жүйелі берілген. **Әлсіз жағы:** • Дәлелдер келтірмеген немесе дереккөздер жеткіліксіз. **Мүмкіндігі:** • Мектептің барлық оқушылары пайдалана алады. **Қауптілігі:** • Ақпарат уақыт өте өзексіз болу мүмкін **2 тапсырма** **«Сарапшылар кеңесі»** сарапшама ретінде SWOT сараптама қорытындысы негізінде жоба иелеріне ұсыныз жазыныз Ұсыныс формуласы: ✓ Жобаның сәтті тұсы ... ✓ Жетілдіруді қажет ететін тұсы ... ✓ Дамытатын мүмкіндігі ... ✓ Болашақта ескеру қажет қауіп ... Бұл тапсырма оқушыларды кері байланысты сын көзбен беруге үйретеді. **3 тапсырма** **Практикалық жұмыс «Жобаны жетілдіру ұсынысын беру»** Топтар SWOT сараптама нәтижелері бойынша жобаны	қауіптілігін айқындап сараптама жасауды үйренеді. Оқушы сараптама рөлін атқарып SWOT сараптама қорытындысы негізінде жоба иелеріне ұыныстар береді

	дамыту мақсатында ұсынысын береді. Екі жұлдыз бір тілек. Бургер т.б. әдістерді қолданса болады.	
Сабақтың соңы	Кері байланысты оқушылар «Ашық микрофон» әдісі бойынша береді. Мұ,алім оқушылардың жұмысына өз комментарийін береді.	Оқушылар сабақта үйренген дағдылары тұралы кері байланыс береді.

№17 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Дебат турнирі «Кәмелетке толмағандардың жауаптылығы»

Қарар *«Бұл палата цифрлық ортадағы құқық бұзушылықтар (кибербуллинг, цифрлық қарақшылық, хакерлік/жүйені бұзу) үшін толық заңды жауаптылыққа тартылу жасын 14 жасқа дейін төмендету керек деп есептейді».*

Оқу мақсаты: Пікірталас жүргізу барысында заң тұрғысынан сауатты позицияны тұжырымдайды.

Сабақ мақсаты:. - Оқушылар цифрлық ортадағы құқық бұзушылықтарға қатысты құқықтық нормаларды талдап, дәлелдер мен фактілерге сүйене отырып, Карл Поппер форматы бойынша ойнай алады.

Сабақ түрі: дебат ойыны

Сабақтың құрылымдық жоспары Бұл сабаққа дайындық барысында оқушылар алдын ала тапсырма алады. Қарар тақырыбына *«Бұл палата цифрлық ортадағы құқық бұзушылықтар (кибербуллинг, цифрлық қарақшылық, хакерлік/жүйені бұзу) үшін толық заңды жауаптылыққа тартылу жасын 14 жасқа дейін төмендету керек деп есептейді»* сәйкес қосымша материал қарастырып, заңнамалармен танысып келеді. Оқушылар екі топқа бөлінеді Карл Поппер форматы немесе парламент форматын тандап өткізсе болады.

Мұғалім алдын ала оқушыларды екі командаға бөліп қояды:

жақтаушы команда

қарсы команда

Әр командада 3 спикер болады.

Қалған оқушылар:

- таймкипер;
- төрешілер;
- құқықтық сарапшылар;

рөлдерін атқарады.

1 тапсырма «Дәлелдер қорын жинақтау»

Командаларға зерттеу парағы беріледі.

Жақтаушы команда зерттейтін мәселе:

- Кибербуллингтің зардаптары;
- Цифрлық қылмыстардың өсуі;
- Ерте жастағы жауапкершіліктің алдын алу әсері;

Оппозиция командасы зертейтін мәселесі:

- Баланың құқықтары;
- Жас ерекшелігіне байланысты психологиялық даму;
- Тәрбиелік және алдын алу шаралары;
- Қатаң жазаның ықтимал тәуекелдері.

Нәтиже: әр команда кемінде 4-5 дәлел ұсынады

Әр команда өзәнәі позициясын пікір таласта дәлелдеуі қажет.

Оқушылар алдын ала жақтаушы немесе қарсы командаларына бөлініп, команда құрамында қандай рөл атқаратынын анықтап алады. Сабақ алдында қарар тақырыбына сәйкес қосымша материал мен заңнамалармен тізімін жасап танысады.

https://akademiki.biz/biblioteka-jivoi-informacii/debati/62-debati-poppera сайтында Карл Поппер форматы **https://akademiki.biz/biblioteka-jivoi-informacii/case/60-debati-parlament** парламент форматы дебатының ережелерімен танысады.

Әр команда өз аргументтерін құрылыммен дәлелдерін рәсімдейді:

Тұжырым

↓

Дәлел

↓

Мысал

↓

Қорытынды

Мысалы:

14 жастан жауаптылықты енгізу қажет.

↓

Себебі бұл жаста оқушы өзінің әрекетінің салдарын түсіне алады.

↓

Кибербуллинг салдарынан психологиялық зиян келеді.

↓

Сондықтан құқық бұзушылықтың алдын алу күшейеді.

Жақтаушы командасының міндеті

- Қарарды қорғау;
- Заңнамалық өзгерістің қажеттілігін дәлелдеу;
- Қоғамдық қауіпсіздікке әсерін көрсету.

Оппозиция командасының міндеті

- Қарардың тиімсіздігін дәлелдеу;

- Балалардың құқықтарын қорғау;
- Балама шешімдер ұсыну.
- Дебат барысында төрешілер мен аудитория мүшелері арнайы кестені толтырады.

Бағалау критерийлері	бағасы
Заңнамаға сүйеніп дәлелдедер келтірді	
Заң ұғымдарын дұрыс қолданды	
Қарсы аргументтерге сауатты жауап берді	

11-сынып

I. «Еңбек құқығындағы құқықтық мәртебе және жауаптылық» бөлімі

№1 сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Кәсіби қызметтің құқықтық аспектілері

Оқу мақсаты: Кәсіби қызметті реттеуші нормативті құқықтық базаны талдайды.

Сабақ мақсаты:

✓ Кәсіби қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді өмірмен байланыстыра отырып талдайды;

Сабақ міндеттері:

✓ Кәсіби қызмет түрлері туралы білімдерін тереңдетеді;

✓ Кәсіби қызметке қатысты нормативтік құқықтық актілерді анықтайды;

✓ Құқықтық жағдаяттарды талдай білу дағдылары жетіледі.

Ресурстар: жұмыс парақтары, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Кәсіби қызметке қатысты видеоматериал көрсету	Видеоматериал негізінде алған ойларын ортаға салады

	Миға шабуыл: Кәсіби қызмет мағынасын анықтау	Кәсіби қызмет мағынасына қатысты ұғымдарды кластер арқылы анықтайды
	Оқушыларға кәсіби қызметті атқаруға мемлекет беретін кепілдіктер мен мазмұнын сәйкестендіру тапсырмасын береді	Сәйкестендіру тапсырмасы орындайды

Кепілдіктер	**Мазмұны**
1. Еңбек ету бостандығына кепілдік беру	азаматтар заң шеңберінде кәсіпкерлікпен айналыса алады
2. Мәжбүрлі еңбекке тыйым салу	жұмыс орны еңбек қауіпсіздігі талаптарына сай болуы тиіс.
3. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету	әркімнің мамандық пен қызмет түрін еркін таңдауға құқығы бар.
4. Әділ еңбекақы алу құқығын қорғау	жынысына, ұлтына, дініне, жасына және басқа белгілеріне байланысты еңбек құқықтарын шектеуге

				тыйым салынады.
		5. Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау		ешкім өз еркінен тыс жұмыс істеуге міндеттелмейді.
		6. Кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік беру		жұмыссыз қалған азаматтарға мемлекеттік қолдау көрсетіледі.
		7. Білім алу және біліктілікті арттыру мүмкіндігі		қызметкердің еңбегі үшін кемсітусіз және уақытылы ақы төленеді.
		8. Еңбек құқықтарын сот арқылы қорғау		еңбекке жарамсыздық, жұмыссыздық, жасына байланысты әлеуметтік төлемдер қарастырылған.
		9. Кемсітушілікке жол бермеу		мемлекет кәсіби даярлау мен қайта даярлауды қолдайды.
		10. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы		азаматтар еңбек дауларын сотта немесе өзге де уәкілетті органдарда қорғай алады.

Сабақтың ортасы	Кәсіби қызметке қатысты нормативтік құқықтық актілерді ұсыну • Қазақстан Республикасының Конституциясы • Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі • «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы • «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы • Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі • Салалық заңдар (Білім туралы, Денсаулық сақтау туралы, Адвокаттық қызмет туралы және т.б.) • Үкімет қаулылары мен министрліктердің бұйрықтары	Кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілермен танысады

	• Лауазымдық нұсқаулықтар • Ұжымдық шарттар • Ішкі еңбек тәртібі қағидалары **Талқылау сұрақтары:** **1-кейс бойынша** - Бұл жағдайда қандай құқықтар бұзылды? Жұмыс берушінің әрекеті заңды ма? Мәжбүрлі еңбек белгілерін анықтаңыз. Нұрсұлтан өз құқығын қорғау үшін қайда жүгінуі керек? 2-кейс бойынша 1. Жұмыс беруші қандай еңбек құқықтарын бұзды? 2. Қосымша жұмыс үшін ақы төленуі тиіс пе? 3. Жұмыстан шығарудың заңдылығын бағалаңыз. 4. Айсұлу өз құқығын қорғау үшін қайда жүгіне алады?	**1-Кейс: Құқықтық жағдаят: Мәжбүрлі еңбектен қорғану** 17 жастағы Нұрсұлтан жазғы демалыс кезінде құрылыс компаниясына жұмысқа орналасады. Бір ай өткен соң жұмыс беруші оған жалақы төлемей, «жұмысты аяқтамайынша кете алмайсың» деп қорқытады. Сонымен қатар оның жеке куәлігін алып қойып, демалыссыз күніне 12 сағат жұмыс істеуге мәжбүрлейді. **Жауап үлгісі:** 1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабына сәйкес әркімнің еркін еңбек етуге құқығы бар және мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады. 2. Жұмыс берушінің әрекеті заңсыз. 3. Мәжбүрлі еңбек белгілері: жұмыстан кетуге тыйым салу, құжаттарын тартып алу, қорқыту, жалақы төлемеу. 4. Еңбек инспекциясына, прокуратураға немесе сотқа жүгінуге болады. **2-кейс. Құқықтық жағдаят: Еңбек құқығының бұзылуы**

	3-кейс бойынша 1. Ержанның қандай конституциялық құқығы бұзылды? 2. Әкімдік қызметкерінің әрекеті заңды ма? 3. Ержан өз құқығын қорғау үшін қайда жүгіне алады? 4. Мемлекеттік органдар кәсіпкерлік қызметке қандай жағдайда ғана шектеу қоя алады?	Айсұлу жеке дүкенде сатушы болып жұмыс істейді. Еңбек шартында оның жұмыс уақыты күніне 8 сағат деп көрсетілген. Алайда жұмыс беруші оны күн сайын 11 сағат жұмыс істеуге мәжбүрлейді және қосымша жұмыс уақыты үшін ақы төлемейді. Бір күні Айсұлу өз құқықтарын талап еткеннен кейін жұмыс беруші оны ешқандай себепсіз жұмыстан шығарып жібереді. **Жауап үлгісі:** 1. Жұмыс уақытының нормасын бұзды. 2. Үстеме жұмыс үшін қосымша ақы төленуі тиіс. 3. Заңды негізсіз жұмыстан шығару еңбек құқығын бұзу болып табылады. 4. Айсұлу еңбек инспекциясына, келісу комиссиясына немесе сотқа жүгіне алады. **3-кейс. Құқықтық жағдаят: Кәсіпкерлікпен айналысу құқығының бұзылуы** Ержан шағын наубайхана ашып, заң талаптарына сәйкес кәсіпкер ретінде тіркелді. Бірнеше айдан кейін жергілікті әкімдік қызметкері оған ешқандай заңды негізсіз дүкенін жабуды талап етеді. Қызметкер «арнайы рұқсат алмасаң, жұмысыңды жалғастыра алмайсың» деп ескертеді. Алайда мұндай рұқсаттың заңнамада көзделмегені анықталады. Соның салдарынан Ержан бірнеше күн жұмысын тоқтатып, шығынға ұшырайды. **Жауап үлгісі:** 1. Ержанның кәсіпкерлікпен еркін айналысу құқығы бұзылды.

		2. Қызметкердің әрекеті заңсыз, себебі заңда көзделмеген талап қоюға болмайды. 3. Ержан сотқа, прокуратураға немесе кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау органдарына жүгіне алады. 4. Кәсіпкерлік қызметке шектеу тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана қойылады.
		Өз құқықтарын қорғау негізінде шағым үлгісін толтырады
Сабақтың соңы	Рефлексия. Кәсіби қызметтің құқықтық аспектілері 	Сабақта алған білімдері мен практикалық дағдылары турасында ойларын тұжырымдайды

Қосымша№1

САБАҚҚА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЙС БЛОГЫ

- ***Педагогке кеңес:*** *Сабақтың осы бөлігінде оқушыларға заң нормаларымен тікелей жұмыс істеуіне, атап айтқанда тек «болады» немесе «болмайды» деп қана қоймай, ҚР Конституциясы, Еңбек және* Кәсіпкерлік кодекстері *нақты баптарына сілтеме жасау арқылы жұмыс істеуіне мүмкіндік беру ұсынылады. Сонымен қатар бұл тақырыпты оқытуда 11сынып Құқық негіздері пәнінің Еңбек құқығының базалық нормалары тарауымен байланыстырып оқыту ұсынылады*

I. Құқықтық жағдаяттар:

№1 : 17 жастағы Нұрсұлтан жазғы демалыс кезінде құрылыс компаниясына жұмысқа орналасады. Бір ай өткен соң жұмыс беруші оған жалақы төлемей, «жұмысты аяқтамайынша кете алмайсың» деп қорқытады. Сонымен қатар оның жеке куәлігін алып қойып, демалыссыз күніне 12 сағат жұмыс істеуге мәжбүрлейді.

№1 жағдаятқа қойылатын сұрақтар:

1/Бұл жағдайда қандай құқықтар бұзылды?

2/Жұмыс берушінің әрекеті заңды ма?

3. Мәжбүрлі еңбек белгілерін анықтаңыз.

4. Нұрсұлтан өз құқығын қорғау үшін қайда жүгінуі керек?

№2:

Айсұлу жеке дүкенде сатушы болып жұмыс істейді. Еңбек шартында оның жұмыс уақыты күніне 8 сағат деп көрсетілген. Алайда жұмыс беруші оны күн сайын 11 сағат жұмыс істеуге мәжбүрлейді және қосымша жұмыс уақыты үшін ақы төлемейді. Бір күні Айсұлу өз құқықтарын талап еткеннен кейін жұмыс беруші оны ешқандай себепсіз жұмыстан шығарып жібереді.

№2 жағдаятқа қойылатын сұрақтар

1. Жұмыс беруші қандай еңбек құқықтарын бұзды?
2. Қосымша жұмыс үшін ақы төленуі тиіс пе?
3. Жұмыстан шығарудың заңдылығын бағалаңыз.
4. Айсұлу өз құқығын қорғау үшін қайда жүгіне алады?

№3:

Ержан шағын наубайхана ашып, заң талаптарына сәйкес кәсіпкер ретінде тіркелді. Бірнеше айдан кейін жергілікті әкімдік қызметкері оған ешқандай заңды негізсіз дүкенін жабуды талап етеді. Қызметкер «арнайы рұқсат алмасаң, жұмысыңды жалғастыра алмайсың» деп ескертеді. Алайда мұндай рұқсаттың заңнамада көзделмегені анықталады. Соның салдарынан Ержан бірнеше күн жұмысын тоқтатып, шығынға ұшырайды.

№3 жағдаятқа қойылатын сұрақтар

1. Ержанның қандай конституциялық құқығы бұзылды?

2. Әкімдік қызметкерінің әрекеті заңды ма?

3. Ержан өз құқығын қорғау үшін қайда жүгіне алады?

4. Мемлекеттік органдар кәсіпкерлік қызметке қандай жағдайда ғана шектеу қоя алады?

«Құрметті әріптес! Бұл тақырыпты кәсіби қызмет түрлері туралы білімдерін дамыту және кәсіби қызметке қатысты нормативтік құқықтық актілердіңі негізгі қағидаттарын білу және түсіну қажет. Құқықтық жағдаяттарды талдай отырып, өмірде қолдана білу дағдыларын жетілдіруі керек..

II. «Заңнамалық қоржын»:

- ✓ ҚР Конституция 27-1 бап.
- ✓ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- ✓ ҚР Кәсіпкерлік кодексі.

III. Құқықтық жағдаяттарды шешуге арналған алгоритм («Қадамдық нұсқаулық»)

- ✓ *1-қадам:* Жағдаяттағы заң бұзушылықты немесе даулы тұсты анықтаңыз.
- ✓ *2-қадам:* Кейіпкерлердің жасын және олардың заңды мәртебесін назарға алыңыз.
- ✓ *3-қадам:* Төменде берілген құқықтық нормалар ішінен осы оқиғаға сәйкес келетін тұсын табыңыз.
- ✓ *4-қадам:* Сұрақтарға заң түрлеріне сілтеме жасай отырып, жазбаша жауап дайындаңыз.

IV. Бағалау дескрипторлары (Критериалды бағалау үшін)

- ✓ Жағдаяттың негізгі құқықтық мәселесін дұрыс анықтайды;
- ✓ ҚР Конституция және басқа да нормативтік құқықтық актілердің қажетті баптарына сілтеме жасайды;
- ✓ Берілген кейс субъектілерінің әрекетіне (заңды/заңсыз) құқықтық баға береді;
- ✓ Сұрақтарға дәлелді (аргументті) жауап береді.

V. Дұрыс жауаптар:

№1 жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Жұмыс берушінің әрекеті **заңсыз**.Мәжбүрлі еңбек белгілері: жұмыстан кетуге тыйым салу, құжаттарын тартып алу, қорқыту, жалақы төлемеу.

Заңдық негіздеме: Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабына сәйкес әркімнің еркін еңбек етуге құқығы бар және мәжбүрлі еңбекке тыйым салынады.

№2-жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Жұмыс уақытының нормасын бұзды.Үстеме жұмыс үшін қосымша ақы төленуі тиіс. Заңды негізсіз жұмыстан шығару еңбек құқығын бұзу болып табылады. Айсұлу еңбек инспекциясына, келісу комиссиясына немесе сотқа жүгіне алады.

- **Заңдық негіздеме:** Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 68-бабы 1) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 78-79 бабы

№3-жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Ержанның кәсіпкерлікпен еркін айналысу құқығы бұзылды. Қызметкердің әрекеті заңсыз, себебі заңда көзделмеген талап қоюға болмайды. Ержан сотқа, прокуратураға немесе кәсіпкерлердің құқықтарын

қорғау органдарына жүгіне алады. Кәсіпкерлік қызметке шектеу тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана қойылады.

Заңдық негіздеме: ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 173-174 баптары

№2 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Құқық қорғау мамандарымен кездесу (прокурор, заңгер, учаскелік полиция қызметкері)

Оқу мақсаты: Құқық саласында қызмет етіп жүрген маманмен сұхбатқа мазмұнды сұрақтар құрастырады.

Сабақ мақсаты:

✓ Тақырыпқа қатысты нақты сұрақтар қою білу дағдысын жетілдіреді;

Сабақ міндеттері:

✓ Сұрақтарды дұрыс құрастыра білу алгоритмін меңгереді;

✓ Пікір алмасу, өз ойын білдіру, басқаның пікірін құрметтеу дағдыларын арттырады;

✓ Құқықтық мамандық түрлері туралы білімдерін тереңдетеді

Ресурстар: жұмыс парақтары, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақ тың басы	Құқық қорғау мамандарымен кездесу	Құқық қорғау мамандарымен танысу, сұрақтар тізбегін нақтылау
	Құқық қорғау мамандарының өздерін таныстыру алгоритмі: 1. Өзі туралы қысқаша мәлімет; 2. Мамандығын таңдау себебі; 3. Қызметтік міндеттері;	Құқық қорғау мамандықтары туралы өз білімдерін толықтырады

«Ашық микрофон» әдісі бойынша сұрақ-жауап кезеңі

Маман дық	Сұрақтар
	1. Прокурордың негізгі міндеті қандай? 2. Қылмыстық іс қозғау қалай жүзеге асырылады? 3. Прокурор болу үшін қандай білім қажет?
	1. Заңгердің қызметі неден тұрады? 2. Қандай құқық салалары бар? 3. Заңгер қандай дағдыларды меңгеруі керек?
	1. Учаскелік полиция қызметкерінің міндеттері қандай? 2. Жасөспірімдер арасында қандай құқық бұзушылықтар жиі кездеседі? 3. Полиция қызметкері болу үшін қандай қасиеттер қажет?

Сабақтың ортасы	«Маманнан кеңес» әдісі бойынша жағдаяттарды талдау **1 кейс бойынша сұрақтар** 1. Бұл жағдайда прокурор қандай өкілеттігін жүзеге асырады? 2. Прокурордың негізгі міндеті қандай? 3. Заңдылықтың сақталуын қадағалау неліктен маңызды? I топқа прокурор заңнамалық негізде құқықтық жағдаятты дұрыс шешу жолын түсіндіріп, кері байланыс береді.	**Топтық жұмыс** Құқықтық жағдайларды талдау, сұрақтарға жауап беру **I-топ кейсі.** Мектеп оқушысы Арман әлеуметтік желіде біреудің ар-намысына тиетін жалған ақпарат таратқан. Жәбірленуші құқық қорғау органдарына шағым түсіреді. Тергеу барысында құқық бұзушылық белгілері анықталып, іс прокуратураның қарауына жіберіледі. **II- топ кейсі:**

	2-кейс бойынша сұрақтар 1. Заңгер Айнұрға қандай құқықтық көмек көрсете алады? 2. Тұтынушының қандай құқықтары бұзылды? 3. Заңгер қандай құжаттарды дайындауға көмектесуі мүмкін? II топқа заңгер заңнамалық негізде құқықтық жағдаятты дұрыс шешу жолын түсіндіріп, кері байланыс береді. **3-кейс бойынша сұрақтар** 1. Бұл жағдайда учаскелік полиция қызметкері қандай әрекет жасауы тиіс? 2. Қандай құқық бұзушылық орын алды? 3. Қоғамдық тәртіпті сақтауда учаскелік полицияның рөлі қандай? III топқа полиция қызметкері заңнамалық негізде құқықтық жағдаятты дұрыс шешу жолын түсіндіріп, кері байланыс береді.	Азаматша Айнұр интернет-дүкеннен ұялы телефон сатып алады. Телефон ақаулы болып шығып, сатушы ақшасын қайтарудан бас тартады. Айнұр заңгерге жүгініп, өз құқықтарын қорғауға көмек сұрайды. **III- топ кейсі.** Кешкі уақытта тұрғындар көпқабатты үй ауласында жастардың қатты шулап, қоғамдық тәртіпті бұзып жатқанын байқайды. Тұрғындардың бірі учаскелік полиция қызметкеріне хабарласады.
Сабақ тың соңы	Рефлексия. Кездесудің «3 маңызды аспектісі әдісі» 1. Эмоционалдық жағдай 2. Ақпараттық сараптама 3. Болашаққа әрекет	Кездесу барысындағы эмоцияларымен бөліседі. Кездесу барысындағы тұжырымдар мен кеңестерді түйіндейді. Болашаққа арналған қадамдарымен бөліседі.

Қосымша№1

САБАҚҚА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЙС БЛОГЫ

- ***Педагогке кеңес:*** *Сабақтың осы бөлігінде сұрақтарды дұрыс құрастыра білу алгоритмін меңгеруі қажет. Пікір алмасу, өз ойын білдіру,*

басқаның пікірін құрметтеу сияқты коммуникативтік дағдыларын үйренуі керек. ҚР Конституциясы, ҚР Прокуратура туралы, ҚР Ішкі істер органдары туралы, ҚР Құқық қорғау қызметі туралы Заңдарының баптарына сілтеме жасайды

I. Құқықтық жағдаяттар:

№1 : Мектеп оқушысы Арман әлеуметтік желіде біреудің ар-намысына тиетін жалған ақпарат таратқан. Жәбірленуші құқық қорғау органдарына шағым түсіреді. Тергеу барысында құқық бұзушылық белгілері анықталып, іс прокуратураның қарауына жіберіледі.

№1 жағдаятқа қойылатын сұрақтар:

1. Бұл жағдайда прокурор қандай өкілеттігін жүзеге асырады?
2. Прокурордың негізгі міндеті қандай?
3. Заңдылықтың сақталуын қадағалау неліктен маңызды?

№2:

Азаматша Айнұр интернет-дүкеннен ұялы телефон сатып алады. Телефон ақаулы болып шығып, сатушы ақшасын қайтарудан бас тартады. Айнұр заңгерге жүгініп, өз құқықтарын қорғауға көмек сұрайды.

№2 жағдаятқа қойылатын сұрақтар

1. Заңгер Айнұрға қандай құқықтық көмек көрсете алады?
2. Тұтынушының қандай құқықтары бұзылды?
3. Заңгер қандай құжаттарды дайындауға көмектесуі мүмкін?

№3:

Кешкі уақытта тұрғындар көпқабатты үй ауласында жастардың қатты шулап, қоғамдық тәртіпті бұзып жатқанын байқайды. Тұрғындардың бірі учаскелік полиция қызметкеріне хабарласады.

№3 жағдаятқа қойылатын сұрақтар

1. Бұл жағдайда учаскелік полиция қызметкері қандай әрекет жасауы тиіс?
2. Қандай құқық бұзушылық орын алды?
3. Қоғамдық тәртіпті сақтауда учаскелік полицияның рөлі қандай?

«Құрметті әріптес! Бұл тақырыпта сұрақтарды дұрыс құрастыра білу алгоритмін меңгеруі қажет. Пікір алмасу, өз ойын білдіру, басқаның пікірін құрметтеу сияқты коммуникативтік дағдыларын үйренуі керек. Мамандардың құқықтық тұжырымдары мен дағдыларын өмірде қолдана білуді меңгеруі қажет.

II. «Заңнамалық қоржын»:

- ✓ ҚР Конституциясы 23 бабы
- ✓ ҚР Прокуратура Заңының 1, 2, 29 баптары
- ✓ ҚР Құқық қорғау қызметі туралы Заңының 13,14,15 баптары
- ✓ ҚР Ішкі істер органдары туралы Заңының 3, 13 баптары

III. Құқықтық жағдаяттарды шешуге арналған алгоритм («Қадамдық нұсқаулық»)

✓ *1-қадам:* Жағдаяттағы заң бұзушылықты немесе даулы тұсты анықтаңыз.

✓ *2-қадам:* Кейіпкерлердің жасын және олардың заңды мәртебесін назарға алыңыз.

✓ *3-қадам:* Төменде берілген құқықтық нормалар ішінен осы оқиғаға сәйкес келетін тұсын табыңыз.

✓ *4-қадам:* Сұрақтарға заң түрлеріне сілтеме жасай отырып, жазбаша жауап дайындаңыз.

IV. Бағалау дескрипторлары (Критериалды бағалау үшін)

✓ Жағдаяттың негізгі құқықтық мәселесін дұрыс анықтайды;

✓ ҚР Конституция және басқа да нормативтік құқықтық актілердің қажетті баптарына сілтеме жасайды;

✓ Берілген кейс субъектілерінің әрекетіне (заңды/заңсыз) құқықтық баға береді;

✓ Сұрақтарға дәлелді (аргументті) жауап береді.

V. Дұрыс жауаптар:

№1 жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Прокурор қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалайды.Тергеу әрекеттерінің заңға сәйкестігін тексереді.Мемлекет атынан айыптауды қолдайды.

Заңдық негіздеме: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, 274-бап – көрінеу жалған ақпарат тарату. «Прокуратура туралы» ҚР Конституциялық Заңы.

№2-жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Заңгер құқықтық кеңес береді. Сатушыға талап-арыз дайындайды.Тұтынушының мүддесін сотта қорғайды.

Заңдық негіздеме: ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы: 15-бап – тұтынушының құқықтары. 30-бап – сапасыз тауарды қайтару және айырбастау құқығы.

№3-жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Учаскелік полиция оқиға орнына барады.Құқық бұзушылықты тоқтатады.Тұлғаларды анықтайды.

Заңдық негіздеме: ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңы. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі: 434-бап – Ұсақ бұзақылық. 437-бап – Тыныштықты бұзу.

№3 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Жұмысқа тұрарда резюме құрастыру

Оқу мақсаты: Өзінің мықты жақтарын(soft skills, hard skills) нақты вакансияның талаптарына ыңғайлап сипаттау арқылы кәсіби үлгідегі резюме құрастырады.

Сабақ мақсаты:

- ✓ Кәсіби үлгіде резюме құрастыра білу дағдысын жетілдіреді;

Сабақ міндеттері:

- ✓ Резюменің мақсаты мен құрылымын, түрлерін біледі ;
- ✓ Резюме жасауды үйренеді;
- ✓ Резюмені таныстырудың қадамдық құрылымдарын меңгереді;

Ресурстар: жұмыс парақтары, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақ тың басы	Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: «Жұмысқа тұрарда резюме құрастыру». «Резюме» француз тілінен аударғанда «қорытынды,қысқаша мазмұн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліндегі баламасы – «түйіндеме»	Резюме ұғымымен танысады
Сабақ тың ортасы	Резюменің мақсаты мен құрылымы, түрлері туралы қысқаша таныстырылым ұсыну	Жұптық жұмыс: Резюменің құрылымы мен түрлерін талдайды
	Практикалық жұмыс. Резюме құрастыру. Жұптық жұмыс тапсырмасын	Жұптық жұмыс. Резюме құрастыру

	орындау барысында келесі НҚА-ға сүйенуі керек: ҚР Конституциясы 27 бабы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 23 бабы, Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңның 8 баптары	
	Резюме таныстырудың 4 қадамдық құрылымы Жұптар өз резюмелерін таныстырады Онлайн сауалнама арқылы Үздік резюмені анықтайды	
Сабақ тың соңы	«Кеме әдісі» рефлексиясы # Мен бұрыннан білетінім: _____ Мен бүгін үйренгенім: _____ Мен дамытқым келетінім: _____ Маған қиын болғаны: _____ ★ Менің жетістігім: _____ Сабақ барысында жаңадан алған білімдерімен, үйренген дағдыларымен бөліседі.	

Қосымша№1

САБАҚҚА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЙС БЛОГЫ

Педагогке кеңес: *Сабақтың осы бөлігінде резюме құрастыру барысында ҚР Конституциясы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі, Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заң баптарына нақты баптарына сілтеме жасау арқылы жұмыс істеуіне мүмкіндік беру ұсынылады.Сонымен қатар бұл тақырыпты оқытуда 11сынып Құқық негіздіері пәнінің Еңбек құқығының базалық нормалары бөлімімен байланыстырып оқыту ұсынылады*

I. Практикалық жұмыстар:

№1 : Резюме құрастыру. Жұптық жұмыс тапсырмасын орындау барысында келесі НҚА-ға сүйенуі керек:

ҚР Конституциясы 27 бабы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 23 бабы, Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңның 8 баптары

Резюме құрастыруға қойылатын талаптар:

1. Ақпарат шынайы және нақты болуы тиіс.

Резюмеде көрсетілген білім, тәжірибе және дағдылар шындыққа сәйкес келуі керек.

2. Қысқа әрі түсінікті жазылуы қажет.

Артық мәліметтерден аулақ болып, негізгі ақпаратты нақты жеткізу керек.

3. Құрылымы жүйелі және сауатты болуы тиіс.

Жеке мәліметтер, білім, тәжірибе және дағдылар белгілі бір ретпен орналасып, грамматикалық қателер болмауы керек.

№2:

Резюме таныстырудың 4 қадамдық құрылымы:

1. Өзіңді таныстыру
2. Білім мен тәжірибеңізді таныстыру
3. Дағдыларыңыз бен артықшылықтарыңызды көрсету
4. Қорытынды және мақсатыңызды айту

«Құрметті әріптес! Бұл тақырыпта резюменің мақсаты мен құрылымын, түрлерін біледі, резюме жасауды үйренеді, резюмені таныстырудың қадамдық құрылымдарын меңгереді және оны қорғай біледі.

II. «Заңнамалық қоржын»:

- ✓ ҚР Конституциясы 27 бабы;
- ✓ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 23 бабы;
- ✓ Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңның 8 бабы

III. Резюмені таныстырудың құрылымына арналған алгоритм («Қадамдық нұсқаулық»)

✓ *1-қадам:* Аты-жөніңізді, мамандығыңызды немесе қандай лауазымға үміткер екеніңізді айтыңыз.

✓ *2-қадам:* Оқу орныңыз, мамандығыңыз, жұмыс тәжірибеңіз және жетістіктеріңіз туралы қысқаша мәлімет беріңіз.

✓ *3-қадам:* Кәсіби дағдыларыңызды, тілдерді меңгеру деңгейіңізді және жеке қасиеттеріңізді атап өтіңіз.

✓ *4-қадам:* Неліктен осы жұмысқа лайық екеніңізді түсіндіріп, болашақтағы кәсіби мақсатыңызды айтыңыз.

IV. Бағалау дескрипторлары (Критериалды бағалау үшін)

✓ Аты-жөнін және үміткер болып отырған лауазымын таныстырады.
✓ Білімі, жұмыс тәжірибесі және жетістіктері туралы мәлімет береді.
✓ Кәсіби дағдылары мен жеке қасиеттерін сипаттайды.
✓ Өзінің кәсіби мақсатын және жұмысқа лайық екенін негіздейді.

№4 сабақ

Сабақтың тақырыбы: Кәмелетке толмаған жұмыскерлердің құқықтар

Оқу мақсаты: Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі нормаларын сақтау арқылы еңбек шартының үлгісін толтырады.

Сабақ мақсаты:

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі нормаларын сақтай отырып, еңбек шартын толтыруды үйренеді;

Сабақ міндеттері:

✓ Кәмелетке толмағандардың еңбек құқығы нормалары туралы білімдері шыңдалады;
✓ Еңбек шартының құрылымы, талаптары және түрлерімен танысады;
✓ Еңбек шартының үлгісін жасауды үйренеді

Ресурстар: жұмыс парақтары, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің кәмелетке толмағандарға қатысты 6 тарауымен таныса отырып, білімдерін пысықтау	**Топтық жұмыс** Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің кәмелетке толмағандарға қатысты тарауын топта талдайды Қазақстан Республикасы Еңбек

		кодексінің 31, 36, 68, 69, 72 баптары
Сабақтың ортасы	Еңбек шартының түрлерімен таныстыру	Еңбек шарттарының түрлерімен танысып, топта талдайды ЕҢБЕК ШАРТТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ № | ЕҢБЕК ШАРТЫНЫҢ ТҮРІ | СИПАТТАМАСЫ 1 | Белгісіз мерзімге жасалған еңбек шарты | 2 | Белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шарты | 3 | Белгілі бір жұмысты орындау уақытына жасалған еңбек шарты | 4 | Уақытша болмаған қызметкерді алмастыру немесе жасалған еңбек шарты | 5 | Маусымдық жұмысқа жасалған еңбек шарты |
	Еңбек шартының үлгісін ұсынады  БЕЛГІЛІ БІР МЕРЗІМГЕ ЖАСАЛҒАН ЕҢБЕК ШАРТЫНЫҢ ҮЛГІСІ ЕҢБЕК ШАРТЫ №___ Астана қаласы «__» _____ 20___ ж. Бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталатын «_____» ЖШС атынан директор _____ және бұдан әрі «Қызметкер» деп аталатын азамат(ша) _____ осы еңбек шартын төмендегідей жасасты: 1. Шартын мәні 1.1. Қызметкер _____ мерзімінен қабылданады. 1.2. Қызметкердің жұмыс орны: _____. 2. Еңбек шартының мерзімі 2.1. Осы еңбек шарты 2026 жылғы 1 қыркүйектен 2027 жылғы 31 тамызға дейін, яғни 1 жыл мерзімге жасалады. 2.2. Шарт мерзімі аяқталғанан кейін еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сайлау тәртібімен немесе ұзартылуға мүмкін. 3. Қызметкердің құқықтары мен міндеттері 3.1. Қызметкер: • еңбек тәртібін сақтауға, • ұйымдық міндеттерін орындауға, • еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті. 3.2. Қызметкер: • уақытылы жалақы алуға; • демалыс алуға; • қауіпсіз еңбек жағдайын пайдалана. 4. Жұмыс берушінің міндеттері 4.1. Қызметкерді жұмыс орнымен қамтамасыз етеді. 4.2. Еңбек ақысын уақытылы төлейді. 4.3. Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды. 5. Еңбек ақысы 5.1. Қызметкердің айлық еңбек ақысы _____ теңге мөлшерінде белгіленеді. 5.2. Жалақы ай сайын төленеді. 6. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты 6.1. Жұмыс уақыты аптасына 40 сағат. 6.2. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі. 7. Қорытынды ережелер 7.1. Осы шарт екі данада жасалып, тараптардың әрқайсысына бір данадан берілсін. 7.2. Шартқа қол қойылған күннен бастап күшке енеді. Жұмыс беруші: _____ Қызметкер: _____ Қолы: _____ Қолы: _____	**Топтық жұмыс** **Еңбек шартының үлгісін жасау** Белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шартын (1 жылға) дайындау **Бағалау дескрипторлары:** 1. Еңбек шартының негізгі бөлімдерін дұрыс көрсетеді (шарттың мәні, мерзімі, тараптардың құқықтары мен міндеттері, еңбек ақысы). 2. Еңбек шартының мерзімін және жұмыс жағдайларын нақты жазады (жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбек ақысы).

	Талқылау сұрақтары: **1-Кейс бойынша** 1. Еңбек шартын жасау барысында қандай құқық бұзушылықтар орын алды? 2. Еңбек шартында міндетті түрде көрсетілуі тиіс қандай талаптар сақталмады? 3. Кәмелетке толмаған қызметкерге қатысты қандай еңбек заңнамасының талаптары бұзылды? 4. Еркебұлан өз құқықтарын қорғау үшін қайда жүгіне алады?	3. Жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттерін дұрыс анықтайды. 4. Еңбек шартын сауатты және белгіленген құрылымға сәйкес рәсімдейді. **1-Кейс:** 16 жастағы Еркебұлан жазғы демалыс кезінде автокөлік жуу орталығына жұмысқа орналасады. Жұмыс беруші онымен еңбек шартын жасасқанымен, құжатта еңбек ақысының мөлшерін, жұмыс уақытын және демалыс күндерін көрсетпеген. Сонымен қатар, Еркебұлан алдын ала медициналық тексеруден өткізілмеген және кей күндері кешкі сағат 23:00-ге дейін жұмыс істеген. **Жауап үлгісі:** 1. Еңбек шартында еңбек ақысы, жұмыс уақыты және демалыс уақыты көрсетілмеген. 2. Міндетті медициналық тексеру жүргізілмеген. 3. Кәмелетке толмаған қызметкер түнгі уақыттағы жұмысқа тартылған. 4. Бұл Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің кәмелетке толмағандардың еңбегін қорғауға қатысты

	2 Кейс бойынша А) Қандай құқық бұзушылық орын алды? Еңбек шартын жасау кезінде қандай талап сақталмады? Жұмыс берушінің әрекеті заңды ма? В) Еңбек шартының қандай талабы бұзылды? Мұндай шарттың қызметкер үшін қандай қаупі бар? Шартқа қандай өзгерістер енгізу қажет? С) Қандай заң талаптары сақталмады? Медициналық тексеру не үшін қажет? Жұмыс берушінің жауапкершілігі қандай? D) Жұмыс берушінің әрекеті заңды ма? Қандай құқық бұзушылық орын алды? Еңбек шартына өзгерістер қалай енгізілуі тиіс?	талаптарын бұзу болып табылады. 5. Қызметкер еңбек инспекциясына, прокуратураға немесе сотқа жүгіне алады. **2-кейс.** А) 15 жастағы Айдана киім дүкеніне сатушының көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Жұмыс беруші еңбек шартын жасайды, бірақ ата-анасының жазбаша келісімін алмайды. В) 17 жастағы Нұрболмен еңбек шарты жасалды. Алайда құжатта еңбек ақысының мөлшері көрсетілмеген. С) 16 жастағы Мадина наубайханаға жұмысқа қабылданады. Жұмыс беруші онымен еңбек шартын жасасады, бірақ медициналық тексеруден өткізбейді. D) 17 жастағы Әлібекпен еңбек шартында күніне 4 сағат жұмыс істеу көзделген. Бір айдан кейін жұмыс беруші оны күніне 8 сағат жұмыс істеуге міндеттейді, бірақ шартқа өзгеріс енгізбейді. **Жауап үлгісі:** А) 15 жастағы тұлғамен еңбек шартын жасау кезінде ата-анасының немесе заңды өкілінің жазбаша келісімі қажет.

		Жұмыс беруші еңбек заңнамасының талаптарын сақтамаған. Еңбек шарты заң талаптарын бұза отырып жасалған. Үстеме жұмыс үшін қосымша ақы төленуі тиіс. B) Еңбек шартының міндетті талаптарының бірі – еңбек ақысының мөлшерін көрсету. Жалақы көрсетілмеген жағдайда қызметкер өз құқығын толық қорғай алмайды. Шартқа еңбек ақысының мөлшерін енгізу қажет. C) Кәмелетке толмаған қызметкерлер міндетті медициналық тексеруден өтуі тиіс. Медициналық тексеру қызметкердің денсаулығын қорғау үшін қажет. Жұмыс беруші еңбек заңнамасының талаптарын бұзған. D) Жұмыс уақыты еңбек шартының маңызды талаптарының бірі болып табылады. Қызметкердің келісімінсіз жұмыс уақытын өзгертуге болмайды. Өзгерістер еңбек шартына қосымша келісім арқылы енгізілуі тиіс.
Сабақтың соңы	**Рефлексия. «SMS-хабарлама»** Оқушы бүгінгі сабақ туралы досына 1–2	Сабақта алған білімдері мен практикалық дағдылары турасында ойларымен бөліседі.

	сөйлемнен тұратын қысқа SMS жазады. Мысалы: «Бүгін еңбек шартының түрлерін және кәмелетке толмағандардың құқықтарын үйрендім. Ең қызығы – еңбек шартын жасау тәртібі болды.»	

Қосымша№1

САБАҚҚА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЙС БЛОГЫ

Педагогке кеңес: *Сабақтың осы бөлігінде оқушыларға заң нормаларымен тікелей жұмыс істеуіне, атап айтқанда ҚР Конституциясы, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 31, 36, 68, 69, 72 баптарына сілтеме жасау арқылы жұмыс істеуіне мүмкіндік беру ұсынылады. Сонымен қатар бұл тақырыпты оқытуда 11сынып Құқық негіздері пәнінің Еңбек құқығының базалық нормалары тарауымен байланыстырып оқыту ұсынылады*

І. Құқықтық жағдаяттар:

№1 : 16 жастағы Еркебұлан жазғы демалыс кезінде автокөлік жуу орталығына жұмысқа орналасады. Жұмыс беруші онымен еңбек шартын жасасқанымен, құжатта еңбек ақысының мөлшерін, жұмыс уақытын және демалыс күндерін көрсетпеген. Сонымен қатар, Еркебұлан алдын ала медициналық тексеруден өткізілмеген және кей күндері кешкі сағат 23:00-ге дейін жұмыс істеген.

№1 жағдаятқа қойылатын сұрақтар:

1. Еңбек шартын жасау барысында қандай құқық бұзушылықтар орын алды?
2. Еңбек шартында міндетті түрде көрсетілуі тиіс қандай талаптар сақталмады?
3. Кәмелетке толмаған қызметкерге қатысты қандай еңбек заңнамасының талаптары бұзылды?
4. Еркебұлан өз құқықтарын қорғау үшін қайда жүгіне алады?

№2:

А) 15 жастағы Айдана киім дүкеніне сатушының көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Жұмыс беруші еңбек шартын жасайды, бірақ ата-анасының жазбаша келісімін алмайды.

В) 17 жастағы Нұрболмен еңбек шарты жасалды. Алайда құжатта еңбек ақысының мөлшері көрсетілмеген.

C) 16 жастағы Мадина наубайханаға жұмысқа қабылданады. Жұмыс беруші онымен еңбек шартын жасасады, бірақ медициналық тексеруден өткізбейді.

D) 17 жастағы Әлібекпен еңбек шартында күніне 4 сағат жұмыс істеу көзделген. Бір айдан кейін жұмыс беруші оны күніне 8 сағат жұмыс істеуге міндеттейді, бірақ шартқа өзгеріс енгізбейді.

№2 жағдаятқа қойылатын сұрақтар

A) Қандай құқық бұзушылық орын алды?
Еңбек шартын жасау кезінде қандай талап сақталмады?
Жұмыс берушінің әрекеті заңды ма?
B) Еңбек шартының қандай талабы бұзылды?
Мұндай шарттың қызметкер үшін қандай қаупі бар?
Шартқа қандай өзгерістер енгізу қажет?
C) Қандай заң талаптары сақталмады?
Медициналық тексеру не үшін қажет?
Жұмыс берушінің жауапкершілігі қандай?
D) Жұмыс берушінің әрекеті заңды ма?
Қандай құқық бұзушылық орын алды?
Еңбек шартына өзгерістер қалай енгізілуі тиіс?

«Құрметті әріптес! Кәмелетке толмағандардың еңбек құқығы нормалары туралы білімдерін шыңдап, еңбек шартының құрылымы, талаптары және түрлерімен танысады. Еңбек шартының үлгісін жасауды және еңбек құқығын қорғауды үйренеді.

II. «Заңнамалық қоржын»:

- ✓ ҚР Конституция 27-1 бап.
- ✓ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 31, 36, 68, 69, 72 баптары
- ✓ Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңның 8 бабы

III. Құқықтық жағдаяттарды шешуге арналған алгоритм («Қадамдық нұсқаулық»)

- ✓ *1-қадам:* Жағдаяттағы заң бұзушылықты немесе даулы тұсты анықтаңыз.
- ✓ *2-қадам:* Кейіпкерлердің жасын және олардың заңды мәртебесін назарға алыңыз.
- ✓ *3-қадам:* Төменде берілген құқықтық нормалар ішінен осы оқиғаға сәйкес келетін тұсын табыңыз.
- ✓ *4-қадам:* Сұрақтарға заң түрлеріне сілтеме жасай отырып, жазбаша жауап дайындаңыз.

IV. Бағалау дескрипторлары (Критериалды бағалау үшін)

- ✓ Жағдаяттың негізгі құқықтық мәселесін дұрыс анықтайды;

- ✓ ҚР Конституция және басқа да нормативтік құқықтық актілердің қажетті баптарына сілтеме жасайды;
- ✓ Берілген кейс субъектілерінің әрекетіне (заңды/заңсыз) құқықтық баға береді;
- ✓ Сұрақтарға дәлелді (аргументті) жауап береді.

V. Дұрыс жауаптар:

№1 жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Еңбек шартында еңбек ақысы, жұмыс уақыты және демалыс уақыты көрсетілмеген. Міндетті медициналық тексеру жүргізілмеген. Кәмелетке толмаған қызметкер түнгі уақыттағы жұмысқа тартылған. Бұл Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің кәмелетке толмағандардың еңбегін қорғауға қатысты талаптарын бұзу болып табылады. Қызметкер еңбек инспекциясына, прокуратураға немесе сотқа жүгіне алады.

Заңдық негіздеме: Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 33-бап – еңбек шартының мазмұны.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 32-бап – еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар

№2-жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

А)15 жастағы тұлғамен еңбек шартын жасау кезінде ата-анасының немесе заңды өкілінің жазбаша келісімі қажет.

Жұмыс беруші еңбек заңнамасының талаптарын сақтамаған.

Еңбек шарты заң талаптарын бұза отырып жасалған. Үстеме жұмыс үшін қосымша ақы төленуі тиіс.

В) Еңбек шартының міндетті талаптарының бірі – еңбек ақысының мөлшерін көрсету.

Жалақы көрсетілмеген жағдайда қызметкер өз құқығын толық қорғай алмайды.

Шартқа еңбек ақысының мөлшерін енгізу қажет.

С) Кәмелетке толмаған қызметкерлер міндетті медициналық тексеруден өтуі тиіс.

Медициналық тексеру қызметкердің денсаулығын қорғау үшін қажет.

Жұмыс беруші еңбек заңнамасының талаптарын бұзған.

D) Жұмыс уақыты еңбек шартының маңызды талаптарының бірі болып табылады.

Қызметкердің келісімінсіз жұмыс уақытын өзгертуге болмайды.

Өзгерістер еңбек шартына қосымша келісім арқылы енгізілуі тиіс.

Заңдық негіздеме: Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 31-бап. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 33-бап.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 182-бап. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 33-бап, 46-бап.

II. «Цифрлық құқық және қауіпсіздік» бөлімі

№5 сабақ.
Сабақтың тақырыбы: Цифрлық қолтаңба және биометрия

Оқу мақсаты: Мемлекеттік қызметтерді қолдану үшін ЭЦҚ мен биометрияны пайдалану алгоритмін жасайды.

Сабақ мақсаты:

✓ ЭЦҚ мен биометрия мүмкіндіктерін күнделікті өмірде пайдалана біледі;

Сабақ міндеттері:

✓ ЭЦҚ мен биометрия мүмкіндіктері туралы білімдерін тереңдетеді;

✓ ЭЦҚ мен биометрия пайдалану арқылы алынатын мемемлекеттік қызмет түрлерін анықтайды;

✓ ЭЦҚ мен биометрияны пайдалану дағдылары жетіледі.

Ресурстар: жұмыс парақтары, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	ЭЦҚ-ны қолдану туралы видеоматериал көрсету https://www.youtube.com/watch?v=g3NmmmUG0Ig	Видеоматериал негізінде алған ойларын ортаға салады
	Миға шабуыл: ЭЦҚ мен биометрия қызметтерін қолданудағы қауіпсіздік	ЭЦҚ мен биометрия қызметтерін қолданудағы қауіпсіздік мәселелерін талдайды

	мәселелерін талқылауды ұсынады	
Сабақтың ортасы	**«Маманнан кеңес» әдісі** ХҚКО маманымен онлайн байланысқа шығады	Орталық маманымен сұхбат барысында өздеріне қажетті мағлұматтарды алады
	Egov.kz арқылы ЭЦҚ-ны қолдана отырып, мемлекеттік қызметті тұтыну тәжірибесін ұсынады **Талқылау сұрақтары:** **1-кейс бойынша**	ЭЦҚ немесе биометрия арқылы қолдана алатын мемлекеттік қызмет түрлерін талқылайды **1-Кейс: Құқықтық жағдаят:** А) 16 жастағы Әли мектепте оқиды. Ол өзінің

	А) 1. Бұл жағдайда қандай құқық бұзушылықтар орын алды? 2. ЭЦҚ кілтін басқа адамға беруге бола ма? 3. Биометриялық деректерді рұқсатсыз пайдалану заңды ма? 4. Әлидің қандай құқықтары бұзылды? 5. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін қандай қауіпсіздік шараларын сақтау қажет? В) 1. Қандай қауіпсіздік ережелері сақталмады? 2. Биометриялық деректердің таралуы қандай қауіп төндіреді? 3. Аружан қандай әрекет жасауы керек?	ЭЦҚ кілтін досына беріп, досы оның атынан eGov порталында анықтама алуға және бірнеше өтініш жіберуге көмектеседі. Кейін Әлидің жеке деректері үшінші тұлғаларға тарап кеткені анықталады. Сонымен қатар, досы Әлидің телефонын пайдаланып, биометриялық сәйкестендіру (бет-әлпет арқылы кіру) арқылы оның жеке кабинетіне рұқсатсыз кірген. В) 15 жастағы Аружан әлеуметтік желідегі жарнамаға сеніп, белгісіз сайтқа өзінің ЖСН-ін, телефон нөмірін және биометриялық сәйкестендіру деректерін енгізеді. Біраз уақыттан кейін оның атынан электрондық қызметтерге кіру әрекеттері тіркеледі. **Жауап үлгісі:** А) ЭЦҚ кілтін үшінші тұлғаға беру ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзу болып табылады. ЭЦҚ тек иесінің өзі пайдалануға тиіс. Биометриялық деректерді иесінің келісімінсіз пайдалану заңсыз. В) Жеке және биометриялық деректер күмәнді сайтқа енгізілген. Жеке деректердің заңсыз пайдаланылу қаупі туындады.

		Аружан ата-анасына, ХҚКО-ға және тиісті органдарға хабарлап, аккаунттарының қауіпсіздігін күшейтуі қажет.
	ЭЦҚ мен биометрияны қолданудың заңнамалық негіздерін талқылауды ұсынады	ЭЦҚ мен биометрияны қолданудың заңнамалық негіздерін талқылайды ҚР Конституциясының 21-бабы – жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы. ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – дербес деректерді қорғау талаптарын бұзу жөніндегі нормалар.
Сабақтың соңы	Рефлексия. «3-2-1» әдісі 3 жаңа ақпарат; 2 қызықты мәлімет; 1 сұрақ.	Сабақта алған жаңа ақпараттары мен қызықты мәлімет турасында ойларымен бөліседі

Қосымша№1

САБАҚҚА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЙС БЛОГЫ

Педагогке кеңес: *Сабақтың осы бөлігінде оқушыларға заң нормаларымен тікелей жұмыс істеуіне, ҚР Конституциясының ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы. ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы.иҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі нақты баптарына сілтеме жасау арқылы жұмыс істеуіне мүмкіндік беру ұсынылады. Сонымен қатар бұл тақырыпты оқытуда 11сынып Құқық негіздері пәнінің Әкімшілік іс жүргізу құқығының институттары тарауымен байланыстырып оқыту ұсынылады. АКТ*

мүмкіндіктерін арттыру бағытында информатика пәнімен кіріктірілген сабақ өткізуге болады.

I. Құқықтық жағдаяттар:

№1 :

А)16 жастағы Әли мектепте оқиды. Ол өзінің ЭЦҚ кілтін досына беріп, досы оның атынан eGov порталында анықтама алуға және бірнеше өтініш жіберуге көмектеседі. Кейін Әлидің жеке деректері үшінші тұлғаларға тарап кеткені анықталады.

Сонымен қатар, досы Әлидің телефонын пайдаланып, биометриялық сәйкестендіру (бет-әлпет арқылы кіру) арқылы оның жеке кабинетіне рұқсатсыз кірген.

№1 жағдаятқа қойылатын сұрақтар:

1. Бұл жағдайда қандай құқық бұзушылықтар орын алды?
2. ЭЦҚ кілтін басқа адамға беруге бола ма?
3. Биометриялық деректерді рұқсатсыз пайдалану заңды ма?
4. Әлидің қандай құқықтары бұзылды?
5. Мұндай жағдайдың алдын алу үшін қандай қауіпсіздік шараларын сақтау қажет?

В)

15 жастағы Аружан әлеуметтік желідегі жарнамаға сеніп, белгісіз сайтқа өзінің ЖСН-ін, телефон нөмірін және биометриялық сәйкестендіру деректерін енгізеді. Біраз уақыттан кейін оның атынан электрондық қызметтерге кіру әрекеттері тіркеледі.

Жағдаятқа қойылатын сұрақтар

1. Қандай қауіпсіздік ережелері сақталмады?
2. Биометриялық деректердің таралуы қандай қауіп төндіреді?
3. Аружан қандай әрекет жасауы керек?

«Құрметті әріптес! Бұл тақырыпта ЭЦҚ мен биометрия мүмкіндіктері туралы білімдерін тереңдетіп, пайдаланатын мемлекеттік қызмет түрлерін анықтайды. Сонымен қатар заңнамалық негіздер мен қауіпсіздік мәселелерінде үйренеді.

II. «Заңнамалық қоржын»:

- ✓ ҚР Конституциясының 21-бабы – жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы.
- ✓ ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы.
- ✓ ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы.
- ✓ ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – дербес деректерді қорғау талаптарын бұзу жөніндегі нормалар.

III. Құқықтық жағдаяттарды шешуге арналған алгоритм

(«Қадамдық нұсқаулық»)

- ✓ *1-қадам:* Жағдаяттағы заң бұзушылықты немесе даулы тұсты анықтаңыз.
- ✓ *2-қадам:* Кейіпкерлердің жасын және олардың заңды мәртебесін назарға алыңыз.
- ✓ *3-қадам:* Төменде берілген құқықтық нормалар ішінен осы оқиғаға сәйкес келетін тұсын табыңыз.
- ✓ *4-қадам:* Сұрақтарға заң түрлеріне сілтеме жасай отырып, жазбаша жауап дайындаңыз.

IV. Бағалау дескрипторлары (Критериалды бағалау үшін)

- ✓ Жағдаяттың негізгі құқықтық мәселесін дұрыс анықтайды;
- ✓ ҚР Конституция және басқа да нормативтік құқықтық актілердің қажетті баптарына сілтеме жасайды;
- ✓ Берілген кейс субъектілерінің әрекетіне (заңды/заңсыз) құқықтық баға береді;
- ✓ Сұрақтарға дәлелді (аргументті) жауап береді.

V. Дұрыс жауаптар:

№1 жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

ЭЦҚ кілтін үшінші тұлғаға беру ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзу болып табылады.ЭЦҚ тек иесінің өзі пайдалануға тиіс.Биометриялық деректерді иесінің келісімінсіз пайдалану заңсыз.

Заңдық негіздеме: ҚР Конституциясының 21-бабы – жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы. ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – дербес деректерді қорғау талаптарын бұзу жөніндегі нормалар.

Жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Жеке және биометриялық деректер күмәнді сайтқа енгізілген. Жеке деректердің заңсыз пайдаланылу қаупі туындады. Аружан ата-анасына, ХҚКО-ға және тиісті органдарға хабарлап, аккаунттарының қауіпсіздігін күшейтуі қажет

- **Заңдық негіздеме:** ҚР Конституциясының 21-бабы – жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы. ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – дербес деректерді қорғау талаптарын бұзу жөніндегі нормалар.

№ 6 сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Электронды коммерция және тұтынушы құқығы

Оқу мақсаты: Wildberries, Kaspi, Ozon және т.б арқылы онлайн сауда жасаудың тәуекелдері мен қорғанудың құқықтық тәсілдерін бағалайды.

Сабақ мақсаты:

✓ Онлайн сауда жасаудың құқықтық негіздері мен қауіпсіздік жолдарын талдайды

Сабақ міндеттері:

✓ Онлайн сауда жасаудың оң және кері жақтарын талдайды;

✓ Онлайн сауда жасау барысында қауіпсіздік мәселелерін үйренеді;

✓ Онлайн сауда жасау дағдылары жетіледі.

Ресурстар: жұмыс парақтары, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті
Сабақтың басы	Онлайн сауда жасаудың оң және кері жақтарын талқылауды ұсынады	Онлайн сауда жасаудың оң және кері жақтарын талдайды
	Миға шабуыл: Онлайн сауда жасау кезінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерді талқылауды ұсынады	Онлайн сауда жасау кезінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерді талдайды
Сабақтың ортасы	**Талқылау сұрақтары:** **1-кейс бойынша**	1-Кейс: Құқықтық жағдаят:

	1. Бұл жағдайда кімнің құқықтары бұзылды? 2. Сатушының әрекеті заңды ма? 3. Тұтынушы қандай құқықтарға ие? 4. Аружан өз құқығын қорғау үшін қайда жүгіне алады? 5. Кәмелетке толмағандардың онлайн сауда жасауына қандай шектеулер қойылады? **2-кейс бойынша** 1. Қандай құқық бұзушылық орын алды?	15 жастағы Аружан әлеуметтік желідегі жарнама арқылы онлайн-дүкеннен құны 120 000 теңге тұратын смартфонға тапсырыс береді. Ол тауардың ақысын алдын ала төлейді. Бір аптадан кейін жеткізілген смартфон жарнамадағы сипаттамаға сәйкес келмейді және ақаулы болып шығады. Аружан сатушыдан ақшасын қайтаруды сұрайды, бірақ сатушы «кәмелетке толмаған адам мәміле жасағандықтан, шағым қабылданбайды» деп бас тартады. **Жауап үлгісі:** Аружанның тұтынушы ретінде құқықтары бұзылды. Сатушының ақшаны қайтарудан бас тартуы заңсыз. Тұтынушы сапалы тауар алуға, тауар туралы толық ақпарат алуға, ақаулы тауарды қайтаруға немесе айырбастауға құқылы. Аружан ата-анасының немесе заңды өкілінің көмегімен тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына, сотқа немесе сатушыға жазбаша талап қоюға жүгіне алады. Кәмелетке толмағандардың құқықтары заңмен қорғалады және олардың жасы сатушыны жауапкершіліктен босатпайды.

	2. Бұл алаяқтықтың қандай түрі? 3. Жәбірленуші қандай әрекеттер жасауы керек? **4.** Қандай мемлекеттік органдарға жүгінуге болады?	**2-Кейс: Құқықтық жағдаят:** 16 жастағы Нұрдәулет онлайн ойын платформасында «жеңілдікпен телефон ұтып аласың» деген жарнамаға сеніп, өзінің банк картасының деректерін және ата-анасының телефонына келген SMS-кодты енгізеді. Нәтижесінде оның ата-анасының шотынан 250 000 теңге шешіліп алынады. **Жауап үлгісі:** Интернет-алаяқтық орын алды. Азаматтың мүліктік құқықтары бұзылды. Банкке, полицияға және киберқылмысқа қарсы бөлімшеге дереу хабарлау қажет. Карта бұғатталып, арыз жазылуы тиіс.
Сабақтың соңы	Рефлексия. **«Сатып алу себеті» әдісі** Оқушылар себетке стикер жапсырады: ✓ Себетке салдым – бүгін үйренген пайдалы ақпарат. ✓ Ойланып жүрмін – әлі де түсінгім келетін мәселе. ✓ Себеттен алып тастадым – бұрынғы қате түсінігім.	Сабақта алған жаңа ақпараттары мен меңгерген дағдылары турасында ойларымен бөліседі

Қосымша№1

САБАҚҚА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЙС БЛОГЫ

- ***Педагогке кеңес:*** *Сабақтың осы бөлігінде оқушыларға заң нормаларымен тікелей жұмыс істеуіне, ҚР Конституциясының*

ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы.

ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы.Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі нақты баптарына сілтеме жасау арқылы жұмыс істеуіне мүмкіндік беру ұсынылады. Сонымен қатар бұл тақырыпты оқытуда 11сынып Құқық негіздері пәнінің Әкімшілік іс жүргізу құқығының институттары тарауымен байланыстырып оқыту ұсынылады. АКТ мүмкіндіктерін арттыру бағытында информатика пәнімен кіріктірілген сабақ өткізуге болады.

I. Құқықтық жағдаяттар:

№1 :

15 жастағы Аружан әлеуметтік желідегі жарнама арқылы онлайн-дүкеннен құны 120 000 теңге тұратын смартфонға тапсырыс береді. Ол тауардың ақысын алдын ала төлейді. Бір аптадан кейін жеткізілген смартфон жарнамадағы сипаттамаға сәйкес келмейді және ақаулы болып шығады. Аружан сатушыдан ақшасын қайтаруды сұрайды, бірақ сатушы «кәмелетке толмаған адам мәміле жасағандықтан, шағым қабылданбайды» деп бас тартады.

№1 жағдаятқа қойылатын сұрақтар:

1. Бұл жағдайда кімнің құқықтары бұзылды?
2. Сатушының әрекеті заңды ма?
3. Тұтынушы қандай құқықтарға ие?
4. Аружан өз құқығын қорғау үшін қайда жүгіне алады?
5. Кәмелетке толмағандардың онлайн сауда жасауына қандай шектеулер қойылады?

№2 :

16 жастағы Нұрдәулет онлайн ойын платформасында «жеңілдікпен телефон ұтып аласың» деген жарнамаға сеніп, өзінің банк картасының деректерін және ата-анасының телефонына келген SMS-кодты енгізеді. Нәтижесінде оның ата-анасының шотынан 250 000 теңге шешіліп алынады.

№2 жағдаятқа қойылатын сұрақтар

1. Қандай құқық бұзушылық орын алды?
2. Бұл алаяқтықтың қандай түрі?
3. Жәбірленуші қандай әрекеттер жасауы керек?
4. Қандай мемлекеттік органдарға жүгінуге болады?

«Құрметті әріптес! Бұл тақырыпта онлайн сауда жасаудың оң және кері жақтарын талдайды. Онлайн сауда жасау дағдылары жетіледі.. Сонымен қатар заңнамалық негіздер мен қауіпсіздік мәселелерінде үйренеді.

II. «Заңнамалық қоржын»:

- ✓ ҚР Конституциясының 21-бабы – жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы.
- ✓ «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы
- ✓ ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы.
- ✓ ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы.
- ✓ ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – дербес деректерді қорғау талаптарын бұзу жөніндегі нормалар.

III. Құқықтық жағдаяттарды шешуге арналған алгоритм («Қадамдық нұсқаулық»)

- ✓ *1-қадам:* Жағдаяттағы заң бұзушылықты немесе даулы тұсты анықтаңыз.
- ✓ *2-қадам:* Кейіпкерлердің жасын және олардың заңды мәртебесін назарға алыңыз.
- ✓ *3-қадам:* Төменде берілген құқықтық нормалар ішінен осы оқиғаға сәйкес келетін тұсын табыңыз.
- ✓ *4-қадам:* Сұрақтарға заң түрлеріне сілтеме жасай отырып, жазбаша жауап дайындаңыз.

IV. Бағалау дескрипторлары (Критериалды бағалау үшін)

- ✓ Жағдаяттың негізгі құқықтық мәселесін дұрыс анықтайды;
- ✓ ҚР Конституция және басқа да нормативтік құқықтық актілердің қажетті баптарына сілтеме жасайды;
- ✓ Берілген кейс субъектілерінің әрекетіне (заңды/заңсыз) құқықтық баға береді;
- ✓ Сұрақтарға дәлелді (аргументті) жауап береді.

V. Дұрыс жауаптар:

№1 жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Аружанның тұтынушы ретінде құқықтары бұзылды. Сатушының ақшаны қайтарудан бас тартуы заңсыз. Тұтынушы сапалы тауар алуға, тауар туралы толық ақпарат алуға, ақаулы тауарды қайтаруға немесе айырбастауға құқылы.

Аружан ата-анасының немесе заңды өкілінің көмегімен тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына, сотқа немесе сатушыға жазбаша талап қоюға жүгіне алады. Кәмелетке толмағандардың құқықтары заңмен қорғалады және олардың жасы сатушыны жауапкершіліктен босатпайды..

Заңдық негіздеме: ҚР Конституциясының 21-бабы – жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы. ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы. ҚР

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – дербес деректерді қорғау талаптарын бұзу жөніндегі нормалар.

Жағдаяттың шешімі (Мұғалім үшін нұсқаулық)

Интернет-алаяқтық орын алды. Азаматтың мүліктік құқықтары бұзылды.

Банкке, полицияға және киберқылмысқа қарсы бөлімшеге дереу хабарлау қажет.Карта бұғатталып, арыз жазылуы тиіс.

Заңдық негіздеме: ҚР Конституциясының 21-бабы – жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңы. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы. ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі – дербес деректерді қорғау талаптарын бұзу жөніндегі нормалар.

№7 сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Жасанды интеллект, нейрожелілер және авторлық құқық

Оқу мақсаты: Генерация жасалған контентті жеке, оқу және коммерциялық мақсатта пайдаланудың құқықтық және этикалық тәуекелдерін қарастырады

Сабақ мақсаты: Жасанды интеллект, нейрожелілер контенттерін қолдануда құқықтық және этикалық талаптарды сақтау қажеттілігін түсінеді

Сабақ міндеттері:

✓ Жасанды интеллект, нейрожелілер мүмкіндіктері туралы білімдері мен оларды пайдалана білу дағдылары жетіледі;

✓ Контенттерді коммерциялық мақсатта генерациялауда құқықтық және этикалық талаптарды сақтауды үйренеді;

✓ Жасанды интеллект, нейрожелілерді қолдануда қауіпсіз жолдарын меңгереді.

Ресурстар: жұмыс парақтары, құқықтық кейстер жазылған үлестірмелі материалдар

Сабақтың құрылымдық жоспары

Сабақ кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушылардың әрекеті

С абақтың басы	Жасанды интеллект және нейрожелілер туралы ойларын ортаға салу үшін видеоматериал көрсету https://www.youtube.com/watch?v=30dzw5tD4vM	Видеоматериал негізінде алған ойларын ортаға салады
	Жасанды интеллект пен нейрожеліні қолданудың заңнамалық негіздерін талқылауды ұсынады 	Жасанды интеллект пен нейрожеліні қолданудағы қауіпсіздік мәселелерін талдайды
С абақтың ортасы	**«Креативті визуализация» әдісі** бойынша әртүрлі контенттерді генерациялауға бағытталған тапсырмалар беру **Дескриптор:** 1. Тақырыпқа сәйкес контент түрін (сурет, инфографика, постер, бейне сценарий, презентация т.б.) дұрыс таңдайды. 2. Жасанды интеллект немесе нейрожелі көмегімен мазмұнды, нақты және түсінікті визуалды өнім құрастырады.	**Жеке жұмыс** Жасанды интеллект пен нейрожеліні қолдана отырып әртүрлі контенттерді генерациялап жеке жұмыстарын ұсынады

	3. Контентте негізгі ақпаратты жүйелі, логикалық және шығармашылық тұрғыдан ұсынады. 4. Дайындалған визуалды өнімді таныстырып, оның мақсаты мен қолданылуын түсіндіреді.	
